**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ**

# БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

## Желтоқсан айы 2020 жыл | № 12 (14)

## Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым

МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы
МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша
Шығу жиілігі: айына 1 рет   Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы
Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы  Бас редакторы: Нагиев И. Б.
Негізгі тақырыптық бағыты:  білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың
авторлық құқы  ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.
Жарияланған ақпарат авторларының  пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.
Куәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

Тапсырыс: 562   Таралымы: 3000 дана.
Журнал  «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.
Алматы қаласы – 2020 жыл   Телефон: 8 777 055 0590

# ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕГІ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

***ДОМАЕВА ГУЛЬЗИНА АБДИКАРИМОВНА***
*Шымкент қаласы № 61 жалпы орта білім беретін*
*мектептің бастауыш сынып мұғалімі*

Елбасы Н.Ә Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында «Табысты болудың ең іргелі басты факторы білім екенін әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек…

Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» - деген.

Ел ертеңі – жас ұрпақтың қолында. Ендеше, бүгінгі ұстаздар қауымына қойылатын талап та жоғары болмақ. Олар жан-жақты, әлемдегі жаңалықтардан мағлұматы бар, үнемі шығармашылық ізденістегі, кәсіби біліктілігін шыңдайтын жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік қабілеті бар, білімді де білікті, көп оқитын, көп тоқитын, білімін өз тәжірибесінде шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға баулитын кәсіби маман иесі болуы керек. Бұл өмір талабы.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасына үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, оны сын тұрғысынан ойлап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тәжірибе жасап, АКТ-ны қолданып, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білетіндей, функционалды сауатты, шығармашылықпен жұмыс жасай алатындай дәрежеге жеткізу. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналасуға ынтасын оятады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл немесе баға қоймастан оқу үрдісін түзетіп отыруға мүмкіндк береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір) оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерім туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.

Критериалды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Осы мәселе аясында «Балалар XXI ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық әдістемелермен тығыз байланысты. Қарқынды жаһандану, сондай-ақ, ұлттық экономикаға да ықпал етуде және қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артты.

Білім беру жүйесін жаңартуға арналған бұл экономикалық дәлелдерге қоса, қазіргі жиырма бірінші ғасырда басқа да негіздер бар: байланысқа бейімділікті арттыру, әлеуметтік өзгерістер, ауа райының өзгеруімен байланысты мәселелер, бүкіл әлемдегі халықтың қарқынды өсуі, заманауи әлеммен өзара табысты байланысу үшін қажетті және келешек күннің әлемімен өзара байланысу үшін қажетті дағдыларды қазіргі таңдағы мектеп жасөспірімдері талап ететін шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды.

Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп бітіруші түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деп атап көрсеткеніндей, қазіргі таңда елімізде жаппай білім беру мазмұны жаңартылуда. Жаңартылған бағдарлама бойынша әлемдік білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікке қарай білім алушыны баулу, қоғамнан өз орнын таба білетіндей сапалы маман болуына бағытталынған.

**Критериалды бағалау технологиясын енгізудің мақсаты:**

- Мектепте оқыту сапасын жоғарылату
- Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

**Критериалды бағалаудың басты артықшылығы:**

- алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы;
- анық, айқындылығы;
- бағаның әділдігі;
- өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі

**Критериалды бағалау технологиясы арқылы бағаның қойылуы:**

- Критерий бойынша оқушының оқу жетістіктерінің деңгейі белгіленеді
- Нақты балдар немесе бағалар қойылады

**Анықтамасы** ***:***

Критериалды бағалау технологиясы - бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу-танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі .

**Бағалауды қолданудың екі тәсілі:**

- Қалыптастырушы бағалау- (*formative) баға жақсарту мақсатында жасалатын қадамдарды анықтау үшін ағымдағы жағдай туралы мәліметтер алуға қолданылады.*
- Жиынтық бағалау- (*summative) өтілген кезең бойынша зерделенген материал мөлшерін анықтауға қолданылады.*

**Қалыптастырушы бағалау**

Қалыптастырушы бағалау –сабақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау білім беру процесінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара тығыз байланысты жүзеге асырады. Сонымен қатар, оқушыларға жаңа материалды меңгеруде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағандығын білуге және оқытудағы мақсаттар мен міндеттерді орындауға мүмкіндік туғызады (ауызша сұрақ, жазба, практикалық жұмыстар т.б.)

**Қолданылуы:**

- Негізгі бағалауда барлық критерийлер барынша қолданылуы керек.
- Критерий оқушының жас ерекшелігіне, бағдарламаға сай алынады.
- Әрбір жетістік балмен және дескриптор арқылы белгіленеді.
- Тоқсан соңында әр критерий бойынша негізгі бақылаудан алынған орташа балл есептелінеді.

**Негізгі ұстанымдар**

- Бағамен оқушының жұмысы бағаланады.
- Дескрипторлар оқушыға алдын-ала белгілі. болуы шарт.
- Оқушы өз білім деңгейін анықтай алуы қажет.
- Нақты білімділік мақсатты бағалауы қажет.

**Жиынтық бағалау (суммативное оценивание):**

- Жиынтық бағалау белгілі бір тақырыпты қорытындылау мақсатында орындалады.
- Мазмұны оқылған материалды қамтуы керек.
- Жиынтық бағалаудағы оқушының алған бағасы тоқсандық баға болып табылады.

**Критериалды оқытудың маңыздылығы:**

ϖ **Мұғалім үшін:**

Әрбір оқушының өзгешелігін ескере отыра жеке білім алу траекториясын құру.

*1.* **Оқушы үшін:**

Берілген бағалау критерийлерін түсіну,қолдану,жұмысын бағалай білуі.

• **Ата-ана үшін:**

Баланың білім алуындағы өсу деңгейін қадағалауы.

**Критериалды бағалау технологиясының артықшылығы:**

- Нақтылық
- Әділдік
- Ынталандыру
- Белсенділік
- Жеке тұлға

**Критериалды бағалау технологиясының оқытуды жақсартудағы 5 қағидасы**

- Оқушылармен кері байланысты тиімді қамтамасыз ету.
- Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы.
- Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды өзгерту.
- Оқушылардың өзін-өзі бағалауы.
- Өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсіну қажеттігі.

**Бағалаудың мақсаты**

- Оқытудың қиындықтарын анықтау;
- Жетістіктер туралы кері байланыс (оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар үшін);
- Болжау және сұрыптау;
- Стандарттарды бақылау және орындау;

- Оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін бақылау.

**Қалыптастырушы бағалау**
**Мұғалім үшін-**

- оқытудың келесі деңгейін жоспарлау үшін тексеру жұмыстарының нәтижесін қолданады;
- оқушыға білімін арттыру үшін пайдалы кеңестер береді;
- жұмыс нәтижесі бойынша әр оқушыға жеке-жеке мақсаттар қояды.

**Оқушы үшін-**

- өз қатесі негізінде үйренуге көмектеседі;
- маңыздыны түсінуге көмектеседі;
- қолынан не келетінін түсінеді;
- білмейтін тұстарын анықтайды;
- нені істей алмайтынын түсінеді.

## «ӨСІМДІК ҚАЛАЙ ДАМИДЫ? »

***ПИРЖАНОВА КИМЁ ТАЛАУВНА***
*Шымкент қаласы № 61 жалпы орта білім*
*беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі*

| | | |
|---|---|---|
| **Пән:**Жаратылыстану | **Мектеп:** *Шымкент қаласы, №61 жалпы орта білім беретін* | |
| Күні: | **Мұғалімніңаты-жөні:** Пиржанова Кимё  Талаувна | |
| **Сынып:** 4-сынып | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтақырыбы** | **Өсімдік қалай дамиды?** | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 4.2.1.3 Тозаңдану нәтижесінде тұқымның түзілуін сипаттау | |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** Өсімдіктің мүшелерін, олардың атқаратын қызметін біледі. Жергілікті өсімдіктерді атайды, өсімдік түрлерінің өзара ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайды. Өсімдіктің фотосинтез процесінде оттек бөлінетін біледі.<br>**Көптеген оқушылар:** Өз өлкесіндегі табиғат бірлестіктерін сипаттап, тіршілік ортасына қарай өсімдіктерді салыстыра алады, қоршаған орта жағдайына өсімдіктің бейімделуін түсіндіре алады.<br>**Кейбір оқушылар:** Адамның өсімдіктің сан алуандығына әсерін, Қызыл кітаптың өсімдіктерді қорғаудағы рөлін түсінеді. | |
| **Бағалау критерийлері** | • Оқушылар өсімдіктің тіршілік циклін зерттейді, тұқым қалай таралатынын түсінеді, тозаңдану нәтижесінде тұқымның түзілуін сипаттайды.<br>• Төменгі және жоғары сатыдағы өсімдіктердің айырмашылықтарын түсінеді. Өсімдіктерді қорғау жолын ұсынады. | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқытудың тілдік мақсаты**<br>Оқушылар<br>-өсімдіктіңтіршілікциклінсипаттайды;<br>-өсімдіктердіңтаралужолдарынатайды, сипаттайды;<br>-өсімдіктердіқорғаутуралыөзұсынысынтүсіндіріп, әңгімелейді.<br>**Пәндік лексика және терминология**<br>Тұқым, өскін, ересекөсімдік, солу;<br>Көшет, ересекөсімдік. | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. | |
| **Пәнаралық байланыстар** | Математика, дүниетану, әдебиеттік оқу, көркем еңбек. | |

| | |
|---|---|
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интернет-ресурстар, дерекқорданжәнеинтернеттенсабаққақатыстыақпараттыіздеу; |
| **Сабақтың барысы** | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** |
| **Сабақтың басы**<br>**7 мин**<br><br>**Сабақтыңортасы**<br>**26мин** | **Психологиялық ахуал қалыптастыру.**<br>Шеңбер құру, бір-біріне тілек айту<br>«Жалаулар» арқылы топқа бөлінеді. Оқушыларды қалаған жалауларын алып, 1,2,3 топтарға бөлініп отырады.<br>**1-топ «Бақыт жалаулары»**<br>**2-топ «Арман жалаулары»**<br>**3-топ «Қуаныш жалаулары»**<br>**Жұмыс ережесін келісу**<br>• Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>• Уақытты үнемдейміз!<br>• Нақты,дәл жауап береміз!<br>• Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>• Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!<br>**Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)**<br>ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау.<br><br><br>**Оқу мақсатын таныстыру**<br>**Күтілетін нәтижені анықтау**<br>Сенің үрмебұршағың дамудың қай кезеңінде?<br>Эксперимент жүргізу үшін қандай тәсілдер таңдадың? Олардың қандай артықшылығы болды?<br>Экспериментте қолданған тәсілдерді қалай жақсартуға болады деп ойлайсың?<br>Зерттеу нәтижесін тіркеу тәсілін таңдау үшін «Жас зерттеуші анықтамалығын» пайдалан. |
| | Дескрипторы:<br>тіршілік циклінің әр кезеңінде жүретін өзгерістерді біледі |
| **Сергіту:** | **Мақалдыңжалғасын тап.**<br>1. Мұғалім: Оқусыз білім жоқ<br>Оқушылар: Білімсіз күнің жоқ.<br>2. Мұғалім: Әдепті бала, арлы бала<br>Оқушылар: Әдепсіз бала, сорлы бала.<br>3. Мұғалім: Жақсыдан үйрен,<br>Оқушылар: Жаманнан жирен.<br>4. Мұғалім: Жаздан өнім жиған-ақылды бала,<br>Оқушылар: Орақ кезінде ұйықтаған-арсыз бала.<br>5. Мұғалім: Жаңбыр жауса жер ырысы,<br>Оқушылар: Батыр туса-ел ырысы. |
| **Сабақтың соңы**<br>**7мин** | Кейбір өсімдіктердің гүлі мен жемісі болмағанымен, тұқымы болады. Мысалы,қарағай жаңғақ тәрізді құрғақ тұқым түзеді. Мұндай өсімдіктерге арша, секвойя,шырша, балқарағай жатады. Тұқымда induced қоректік зат көп болады. Өсімдік енді өнебастағанда, тамыр мен өскін шыққанға дейін осы қоректік заттарды жұмсайды.Тұқымнан қайтадан жаңа өсімдік өсу арқылы жер бетіндегі өсімдіктердің тіршілігі жалғасады.Адам мен жануарлар өсімдіктердің жемісі мен тұқымын қорек ретіндепайдаланады.<br>**«Бутерброд әдісі»** кері байланыс. |

# ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

**БЕГМАГАНБЕТОВА ЖАНАР МЕИРОВНА**
*Шымкент қаласы № 61 жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі*

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құру және коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу болып табылады десек, оларды жүзеге асырудың бір жолы – оқыту процесінде топтық оқытуды қолдану болып табылады.

Жаңа қоғамға қажетті тұлғаны дайындауда топтық оқытудың қажеттілігі өмір талабы екендігі айқын сезіледі. Оқытудың топтық формасы деп – оқу тапсырмасын бірігіп орындау үшін сынып базасында құрылған жұмысшы топтардың іс-әрекетін ұйымдастыру түрін айтады. Топтық оқытудың басты мақсаты – оқушыларды шағын топтағы бірлескен жұмысқа тарту. Топтық жұмыстар – оқушылардың танымдық қызмет үдерісіне көтеріңкі көңіл-күймен қатысуын, зерттеу тақырыбын түйсініп, терең зерделеуді, алынған білімнің тұтастығы мен оқушылардың танымдық белсенділігін қамтамасыз етеді.

Дәстүрлі ұйымдастырылған оқу үдерісіне қарағанда, топтық жұмыс арқылы оқыту үдерісінде оқушылар көп мағлұмат алады, ойын үдерісінде жағымды эмоциялар алып, белсенділігі артады, сөздік қоры дамиды жеке тұлғаның қажеттіліктері қанағаттандырылады.

Дұрыс ұйымдастырылған топтық жұмыс – командада шығармашылықпен ынтымақтастықта жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұрын әркім өз бетінше ізденіп жұмыстанып, белсенді балалар нәтижеге жетіп отырса, көмекке зәру бала өз ойының дұрыс бұрыстығына көз жеткізе алмай білмеген күйде қалып отырды. Топта оқушылар өз даралығын жоғалтпайды, қажетті жағдайда олар бір-бірінен көмек сұрап, ортақ міндеттерді шешеді.

Топтық жұмыс барысында топтасып постер дайындау, бірлесіп тапсырмаларды орындау, ресурстарды талдау жұмыстары барысында бір–бірімен ой бөліседі, өзінің білмегенін талқылау барысында тыңдау арқылы біледі, естігеніне қорытынды жасап, жүйелі талқылауға қатысады, бағалап, талдап, өз пікірлерін білдіре алады және бәрі бір тоқтамға келіп, берілген мәселені бірлесе отырып шешіп, оны қорғауға өз үлестерін қосады, тұжырым шығарады.

Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін, танымдық процестерді дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.

Топ – қазіргі адамның қоғамдық өмірін ұйымдастырудың басты тәсілі, оның ажырамас қасиеті болып табылады. Топтық жұмыс өзінің барлық белгілері көрініс табатын оқу ынтымақтастығының идеалды моделі болып табылады. Топтық жұмыс дәстүрлі сынып-сабақ жүйесіне қарағанда оқушылардың бір-бірімен байланысын құруға мүмкіндік береді. Олар жеке жұмысқа қарағанда топтық жұмыста тапсырмаларды жақсы орындайды және сабақтағы психологиялық микроклимат жақсарады. Топтық жұмыстың педагогикалық құндылығы – оның жалпы бала тұлғасын қалыптастыруға, оның ақыл-ой қабілеттерін дамытуға жағымды әсер етуінде. Қазіргі мектепте топтық жұмыстарды ұйымдастыруды оқу үдерісін жандандыру және жылдамдату үшін пайдаланады.

Ғалым Шаталов топта жұмыс істеудің “сабақта қияр тұздау” сияқты әдісін ұсынады, яғни тұзды суға түскен қиярдың тұздалатыны секілді топтық жұмысқа қатысу арқылы білмегеніңді үйрену. Топта жұмыс істеу механизмін іске дұрыс қосқанда, оқушының білмегенін білуге ұмтылысы нәтижелі болады.

Топтық жұмыстар тиімді әрі көңілден шығу үшін жақсы ұйымдастыру қажет. Ол үшін:

Топтардың құрамын жиі өзгертіңіз, әрбір оқушы қалған барлық оқушылармен жұмыс жасай алатын болсын.

Оқушылар тек өз достармен ғана жұмыс жасамауы керек. Ұлдар мен қыздардан немесе ұлты әр түрлі балалардан құралған аралас топтың жұмысы жақсы нәтиже көрсетеді. Топтың құрамын әр түрлі етіп өзгертуге болады. Әрбір топ мүшелері өз ролін толық түсінгенін біліңіз.

Мысалы: 1 нөмірлі сен хатшысың, 2 нөмірлі сен реттейсің деген сияқты т.б.

Оқушылар басқалардың да өз пікірін айту құқығын сыйлауы керек.

Оқушылардың барлығының жұмыс жасауына назар аударыңыз.

Жұмысын ерте бітірген оқушыларға жеке тағы да тапсырма беріңіз.

Топпен жұмыс жасау барысында оқушылар бір-бірін қорқытуы мүмкін. Мысалға сен мені қошта, болмаса маған 5 қой деген сияқты. Сондай бұзақылық жағдай болмау үшін бұзық оқушыларыңызға төреші, хатшы, реттеуші боласың деу керек.
Топпен жұмыс жүргізгенде жұмыс шуы болады. Ол үшін жұмыс жасау барысындағы шу мен күнделікті болатын шуды айыра білуіңіз керек.
Мұғалім – бақылаушы қызметін атқарады.
Оқушылардың мәселелерді толық талқылап жатқанын бақылау.
Топқа бөліп жұмыс жасату ойын емес, бұл проблеманы, мәселені шешудің бірден – бір жолы екенін оқушыларды топқа бөлерде ескертіп өту қажет.
Топтық жұмысты жариялау кезінде тақтаға шығып сөйлеу қажет. Себебі, барлық оқушының назары сол баяндамашыда болады.
Топпен жұмысты барлық сыныпта қолданғаннан гөрі бір сыныпта жүргізіп, балаларды жаттықтырып алған жөн. 1. Топтың көлемі. Ресми топ салыстырмалы түрде үлкен болмау керек деген пікір бар. Кит Девис топтағы адамдар саны бесеу болу керек деп есептейді. Ральф Дэвис бойынша тамаша топ 3-9 адам.3. Топтық нормалар**.** Топ басшылары топтың өзге мүшелеріне қарағанда өздерін басқаша сезінеді. Оларда топтық қызығушылықты бағындыратын топтық рух басым болады.
4. Топтық сананы құру амалдары:
2. Топтың құралы. Құрылу кезінде топта ұқсамайтын тұлғалар болу керек, бұл үлкен тиімділікке әкелуі мүмкін. Көптеген көзқарастар және қабылдаулардың көмегі өз жемісін береді.
Топтардың тиімділігіне ықпал ететін факторлар:
- мақсатқа сенімділік;
- мүшелердің бір-біріне сенімділігі;
- жетекшіліктің оңтайлы стилі;
- басқаруға қатысу.Топтық уақыт өткізудің мәні мен жалпыға ортақтығын Д.Картрайттың және А.Зандердің мына сөздері дәлелдейді: “егер … болжамдық марстық адам Жерді бір қарап шықса, ол, мүмкін, жер адамдарының бір нәрсені топта жасап, өз уақытының сонша бөлігін бірге өткізетініне таң қалатын шығар?”Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оларды жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.
- Г.А. Цукерман әлемде жүргізілген зерттеулерді жалпылау кезінде, топтық оқу іс-әрекетіндегі келесі мәселерді көрсетеді:
- Бүгінгі таңда топтық жұмыс оқыту үдерісінің тиімді тәсілдерінің бірі деп есептеледі. Ол сабақта табиғи тілдік қатынас жағдайын құруға әсер етеді, оқушыларды оқу үдерісіне белсенді қатысуға еріксіз тартады, ынталандырады, оқып-үйренуге деген қызығушылығын тудырады. Сондай-ақ, топтық жұмыс оқушылардың өздерін сенімділікке тәрбиелейді, өзін-өзі ортада ұстай білуге, бірін-бірі тыңдауға, сыни ойлануға, пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінуге үйренеді, өз пікірін айтуға құқығының бар екенін сезінеді.
- Сынып-сабақ жүйесінің жалпыдан жеке және топтық формаға өтуі мода емес, бұл заман талабы.
- балалардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық деңгейі өседі;
- оқушылар арасындағы өзара қатынас сипаты өзгереді;
- оқушылар маңызды әлеуметтік дағдыларға ие болады: әдеп, жауапкершілік, басқалардың позициясын есепке ала отырып, өз мінез-құлқын қалыптастыру іскерлігі,
- қарым-қатынастың гуманистік түрткілері;
- мұғалім топқа бөлуде балалардың өзара бейімділіктерін, олардың дайындық деңгейлерін, жұмыс қарқындарын есепке ала отырып, оқытуда дараландыру мүмкіндігін алады.

Қазіргі заманғы оқыту мектептен, яғни мұғалімнен оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығын қорғауды талап етіп отырғандықтан, іс-әрекетті ұйымдастырудың топтық формасы тәжірибесі өзекті әрі болашақта дамушы болып есептеледі. Олардың бастамашылдығын, дербестігін қолдау, баланың мектепке келуіне байланысты бірлесіп, серіктесіп жұмыс істеу, басқалармен тығыз қарым – қатынаста болу дағдысын қалыптастыру, өзіндік таңдауға үйрету қажет.

# ҮЛЕС ЖӘНЕ БӨЛШЕК ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

**АБДУЛЛАЕВА ГУЛБАХОР ДУРУМБАЕВНА**
*Шымкент қаласы № 61 жалпы орта білім беретін*
*мектептің бастауыш сынып мұғалімі*

| | |
|---|---|
| **Пән: Математика**<br>**Орта мерзімді жоспар бөлімі:**<br>2 А Бөлім: Үлестер<br>**Күні:** | **Мектеп:**<br>**Мұғалімнің аты-жөні:** Абдуллаева Гулбахор Дуримбаевна<br>**Қатысқандар саны:**<br>**Қатыспағандар саны:**<br>**Сынып: 3-сынып** |
| **Сабақ тақырыбы** | **Үлес және бөлшек туралы түсінік** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 3.1.1.5 үлесті құру жолын көрсетіп беру, оларды оқу, жазу және салыстыру |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар**<br>Жай бөлшектерді оқу және жазу.<br>**Бірқатар оқушылар:**<br>Көрнекіліктерді пайдалана отырып бөлімдері бірдей жай бөлшектерді оқу, жазу,салыстыру.<br>**Кейбір оқушылар:**<br>Көрнекіліктерді пайдалана отырып, алымдары бірдей бөлшектерді салыстыру. |
| **Бағалау критерийлері** | Бүтін зат, оның жартысы, бөлігі туралы түсінік. Натурал сандарды бөлу дағдылары туралы білімді меңгереді. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Тілдік оқу мақсаты**<br>Оқушылар:<br>• күнделікті өмірде толық пәннің бөлігі туралы білімді көрсете білу керек.<br>• оқу, жазу, бөлшектерді салыстыру<br>• санның үлесін табу, үлес бойынша сан Модельдеу,талдау<br>• Үлесті табуға құрама есептерлді өмірлік жағдайларда шамалардың арасындағы тәуелділікті талдау және шешу,<br>• пропорцияны құрастыру арқылы есептерді шығару<br>**Пәндік лексика және терминология**<br>• үлес, бөлшек, бүтіннің жартысы, жартысы, үштен бір бөлігі, төрттен бір бөлігі, алым, бөлгіш<br>• жартысы, үштен бір бөлігі, төрттен бір бөлігі, сағат/күн/жыл<br>• уақыт, күнтізбе, тоқсан<br>• компонент, пропорция, шамалар арасында тәуелділігі, формула, алгоритм<br>• жағдайды есепке модельдеу, пропорцияны құрастыру<br>• талдау, салыстыру<br>• күн тәртібі, уақытты үнемдеу |
| **Құндылықтарды дарыту** | Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Музыка, қазақ тілі. |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу; |
| **Ресурстар** | Топқа бөлуге арналған парақшалар, интерактивті тақта, жұмыс дәптері, қалам мен түрлі түсті қарындаш, стикер, видеоматериалдар., постер, кері байланыс парағы т.б |
| **Бастапқы білім** | Бірінші тоқсанда алған білімдері бар. |
| **Сабақтың барысы** | |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** |
|---|---|

| | |
|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Жаңа топ құру**<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру.**<br>«Мен күлгенді ұнатамын» ойын жаттығуы<br>Педагог балаларға:тұңжыраған жәнекөңілсіз,жабырқаған және ойланған көңілді және күлкілі;қайрымды және қуанышты,т.б.кейіпке еніп,бір бірімен рольге кіріп,адамдардың бейнесін келтіруге ұсынады.балалар айнаға қарап, әдемі аққөңіл кейіпте күлімдейді.педагог осы «Мен күлгенді ұнатамын » жаттығуын күніне бірнеші рет қайталап көңіл күйді күлкімен көтеруге бола- тынын түсіндіреді. «Күлкі-көңіл күйдің сиқырлы кілті.Адам күлгенде өз көңіл күйін,өз денсаулығын жақсартады және айналасындағы адамдардың көңіл күйімен денсаулығына жақсы әсер береді.»<br>***Асық арқылы бөлу***<br>Сыныптағы бала санына қарай 3 түрлі асық шашылады, әр оқушы өзіне ұнаған түсті алады түстер бір-бірін тауып, бір топ құрайды<br>**Жұмыс ережесін келісу**<br>- Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>- Уақытты үнемдейміз!<br>- Нақты,дәл жауап береміз!<br>- Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>- Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!<br>**<u>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</u>**<br>**<u>ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау.</u>**<br>**Оқу мақсатын таныстыру**<br>**Күтілетін нәтижені анықтау** |
| **Сабақтың ортасы** | **Ширату тапсырмасы.**<br>**Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда)**<br>**Жаңаны ашу.**1- тапсырмаға арналған суретті қарауды ұсынады.<br>–Алдыңызда тұрған күнтізбе. Ол неше бөлікке бөлінген? (12-ге).<br>–Бұл бөлікті қалай атайды? (Он екіден бір).<br>– Бір ай бір жылдың неше бөлігін құрайды? 1/12.<br>– Көктем айлары қандай бөлікті құрайды?<br>Математикада бұны былай жазуға болады: 3/12.<br>Мұғалім жазбаны торкөзде көрсетеді.<br>Бұл жазбаны бөлшек деп атайды. Сызықтың астындағы сан – бөлімі. Ол неше бөлікке бөлінгенін көрсетеді. Сызықтың үстіндегі сан – алымы. Осындай қанша бөлікті алғанын көрсетеді.1- (ә) тапсырмаға қарауды ұсынады.<br>– Бір күн аптаның қандай бөлігін құрайды? 2 күн ше?(1/7, 2/7).<br>Әрі қарай мұғалім балалардан аптаның жұмыс<br>күндерін, демалыс күндерді бөлшекпен атауды және жазуды сұрайды.<br>**Түсіндіре отырып алғашқы бекіту**.<br>Жұппен орындалатын практикалық жұмыс. Мұғалім балаларға жолақ қағаздарды таратады. Қағазды екіге бүктеп, содан кейін тағы бір бүктеуді ұсынады.<br>Жолақты ашуды сұрайды.<br>–Біз жолақты неше тең бөлікке бөлдік?(4 тең бөлікке бөлінді.)2-ші бөлігін бояуды, бөлшекті атауды, 3-ші бөлігін<br>бояуды – бөлшекті атауды сұрайды.<br>–Бөліктердің қайсысы үлкен?<br>Балалар қорытынды жасайды: бөлімі бірдей екі<br>бөлшектің қайсысының алымы үлкен болса, сол бөлшек үлкен болады.<br>Әрі қарай балалар 2- тапсырманы түсіндіре отырып орындайды.<br>***<u>Дескриптор:</u>***<br>Есептеудің ауызша және жазбаша тәсілдерін пайдалана отырып, қосу және азайту амалдарын орындау біліктері, безендіру, түсініктеме беру, дәлелдеу, оқу тапсырмаларын шешуде болжамдар айтып, оларды тексеру қажеттілігін |

| | |
|---|---|
| | түсіну үшін математикалық көрнекілік құралдарын (суреттер, сызбалар, схемалар, т.б.) түсіну және пайдалану білігі дамиды.<br>**<u>ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.</u>**<br>**Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау**<br>**Жаңаны қолдану.**<br>4- тапсырманы балалар өз беттерімен орындайды. Мұғалім 6- практикалық тапсырманы жұппен орындауды ұсынады. Содан кейін мұғалім дәптердегі қалыптастырушы бағалауы бар тапсырманы орындауды тапсырады.<br>Мен:<br>– суреттен бөлшекті көрсете аламын;<br>– бөлшектерді жазамын;<br>– бөлшектерді салыстырамын. |
| **Сабақтың соңы** | **Жаңа білім мен тәжірибені қолдану**<br>**Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау»**<br>**<u>ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау.</u>**<br>**Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда)**<br>«СМС» кері байланыс. |

| **Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз?**<br>**Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
|---|---|---|
| Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиындық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін. Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез келген кезеңінде қолданыла алады. | Бұл бөлімде оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдеріңізді жазасыз | Денсаулық сақтау технологиял ары. Сергіту сәттері мен белсенді іс- әрекет түрлері. Осы сабақта қолданылат ын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары. |

| | |
|---|---|
| Сабақ бойынша рефлексия<br>Сабақ мақсаттары /оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?<br>Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен?<br>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? | Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз. |
| Жалпы баға<br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет? | |

**ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДІ БАҒДАРЛАУ**

**ЖАППАРОВА МОЛДИР БАЗАРБАЙҚЫЗЫ**
*Шымкент қаласы № 61 жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі*

| | |
|---|---|
| **Күні:** **Мектеп:**<br>**Сынып:** 2 **Мұғалімнің аты-жөні:**<br>**Пәні:** Дүниетану | |
| **Сабақтың тақырыбы** | **«Жергілікті жерді бағдарлау»** |
| **Оқу мақсаты** | 2.2.1.1. тұсбағдар көмегімен көкжиек бағыттарын анықтау |
| **Сабақтың мақсаты** | Көкжиек бағыттарын білу, тұсбағдар көмегімен көкжиек бағыттарын анықтау<br>Тұсбағдар көмегімен көкжиек бағыттарын анықтап, дәлелдеу.<br>Құмырсқаның илеуін және ағаштың сақинасын табу арқылы көкжиек тұстарын анықтау. |
| **Ойлау дағдыларының деңгейлері** | Білу, түсіну, қолдану |
| **Бағалау критерийлері** | Көкжиек және оның бағыттары туралы біледі;<br>Тұсбағдар көмегімен көкжиек бағыттарын анықтауды үйренеді. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Пәнге тән лексика мен терминология:**<br>көкжиек – горизонт – horizon<br>тұсбағдар – компас – compass<br>**Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер**<br>Көкжиек – бұл айналамыздағы көрінетін жер.<br>Тұсбағдар-бағытты анықтайтын құрал.<br>**Талқылау сұрақтары:**<br>-Көкжиек дегеніміз не?<br>-Көкжиектің негізгі тұстарын ата<br>-Тұсбағдар не үшін қажет? |
| **Құндылықтарды дарыту** | **Ынтымақтастық**-топтық жұмыс кезінде.<br>**Құрмет**-бір-бірінің жауабын тыңдау кезінде дариды. |
| **Пәнаралық байланыс** | Көркем еңбек-жұмыс дәптерінде оқушылар үйдің айналасында орналасқан заттардың суретін салады және бояйды. |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім:** | Менің үйім (Өз мекен-жайын атайды және орналасқан жерін сипатттайды) |
| **Сабақтың барысы** | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** |
| **Сабақтың басы**<br><br>4 мин | **Ширату жаттығуы.**<br>**ҰЖ. «Сәлемдеме жіберіңіз»** *(Оқушылар ойын арқылы жаңа сабақтың мақсатын анықтайды)*, *(айтылым дағдылары бойынша алдыңғы білімін еске түсіру)*<br>**Тапсырма:** Оралған қағаздың ішіндегі сұрақтарға жауап бер.<br>**Нұсқау:** Затты бірнеше қабат қағазға ораңыз. Оқушылар әуен ойнап жатқанда оралған затты сынып ішінде береді;<br>Музыка тоқтаған кезде, оқушы бір қабатын ашады. Әр қабатқа тақырыпқа қатысты бір сұрақ қойыңыз, оқушылар оны тауып, одан кейін оралған затты әрі қарай береді. Осылайша заттың орамасы біткенше жалғасады.<br>-Сенің үйің қай жерде?<br>-Сенің тұрғылықты жерің Қазақстанның қай аймағында орналасқан?<br>-Ендеше, балалар, бүгінгі өтетін жаңа тақырыбымыздың аты қандай болмақ?<br>**Ынталандыру:** Жарайсың! Сұрақтарға дұрыс жауап бердің.<br>**Жергілікті жерді бағдарлау**<br>**СБ хабарлау:** сен тұсбағдар құралымен және жергілікті белгілерге қарап, тұстарды |

| | |
|---|---|
| | анықтауды үйренесің!<br>**Топқа бөлу.«Белсенді әріптер».** Балалар көкжиек тұстары белгіленген әріпті таңдау арқылы топтасады.<br>1 топ – оңтүстік 2 топ – солтүстік 3 топ – батыс 4 топ – шығыс |
| **Сабақтың ортасы**<br><br><br>8 мин<br><br><br><br><br><br>6 мин<br><br><br><br><br><br><br><br>6 мин<br><br><br><br>8 мин<br><br><br><br><br>3 мин | **ТЖ «Көзбен көру айғағы» тәсілі** *(Жаңа тұжырымды қалыптастыру, зерттеу дағдысы, ынтымақтастық құндылықты дарыту)*<br>**Тапсырма:** Көкжиектің негізгі төрт тұсын ата<br>**Нұсқау:** Мұғалімнің нұсқауымен оқушылар іс-қимылдар жасау арқылы көкжиек тұстарын анықтайды.<br>**Бақылау:** Мұғалімнің бағыт-бағдарын тыңдайды.<br>**Зерттеуді жоспарлау:**<br>- Көкжиектің тұстарын қалай анықтауға болады?<br>**Дереккөз жинау:** (Оқушылар нұсқау бойынша мәлімет жинайды)<br>**Нәтиже:** Нұсқау бойынша солтүстікті, оңтүстікті, батысты, шығысты анықтайды. Көкжиектің тұстарын қалай анықтау керек екенін түсінеді.<br>**ҚБ.** Көкжиек тұстарын анықтай алады.<br>**ҰЖ. «Зерттеушілік жоба» әдісі.**<br>*(Зерттеу дағдысын қалыптасытру мақсатында)*<br><br><br>**Тапсырма:** Сызбаны зертте.<br>**Нұсқау:**Мұғалім білім алушыларға тұсбағарды үлестіреді.<br>**Бақылау:**<br>**Зерттеуді жоспарлау:** Көкжиектің аралық тұстарын қалай белгілейді?<br>**Дереккөз жинау:** Тұсбағдар көмегімен көкжиектің аралық тұстарын анықтайды.<br>**Нәтиже: Солтүстік-шығыс - СШ, оңтүстік-шығыс - ОШ, оңтүстік-батыс - ОБ, солтүстік-батыс - СБ. Бұлар көкжиектің аралық тұстары**<br>**Дескриптор:**<br>-Көкжиектің аралық тұстарын анықтайды.<br>**ҚБ.Көкжиектің аралық тұстарын дұрыс таптың!**<br>**(ЖЖ) ҚБ тапсырмасы «Ойлан тап»** әдісі *(бақылау дағдысын қалыптастыру)*<br>**Көкжиектің тұстарын анықтайтын құралды белгіле (+) және атауын жаз.**<br>**Нұсқау:** Тұсбағдарды қолыңа алып, мектеп ауласына шық. Тұсбағдардың көмегімен көкжиектің негізгі тұстарын анықта. Көкжиек тұстарында орналасқан ірі нысандарды атай отырып, сөйлемдерді толықтырып айт.<br>1. Менің солтүстік жағымда __________________ орналасқан.<br>2. Шығыста ____________________________ бар.<br>3. Батысқа қарай жүрсем алдымда ___________________ кездеседі.<br>4. Оңтүстік жақта ___________________________ бар.<br>**Графикалық бағалау.** «жұлдызша» арқылы<br>**(ТЖ). Қарқын бойынша саралау. (зерттеу дағдысын қалыптастыру)**<br>1. Кесілген ағаш сақинасының жылдық шеңберлері нені білдіреді?<br>2. Құмырсқаның илеуіне қарау арқылы көкжиек тұстарын қалай анықтайды?<br>**Дескриптор:**<br>-Кесілген ағаш сақиналарының жылдық шеңберлерінің нені анықтайтынын біледі.<br>-Құмырсқаның илеуіне қарау арқылы көкжиек тұстарын қалай анықтау керек екендігін біледі.<br>**Топаралық бағалау:** «Жарайсыңдар!» Кесілген ағаш сақинасының жылдық шеңберлері нені білдіретінін білдіңдер! Құмырсқаның илеуіне қарау арқылы көкжиек тұстарын анықтадыңдар!<br>**(ҰЖ) «Ия», «жоқ» тәсілі** *(сабақты бекіту мақсатында)*<br>Оқушылар әр жауаптан кейін дұрыс болса «ия», дұрыс емес болса «жоқ» деп айтулары қажет.<br>• Көкжиек – бұл айналамыздағы көрінетін жер. (ия)<br>• Бағдарлау үшін 5 негізгі көкжиек тұстары қолданылады. (жоқ)<br>• Тұсбағдар – көкжиек тұстарын анықтауға арналған құрал. (ия)<br>• Тұсбағдардың көк (жасыл) тілі оңтүстікті көрсетеді. (жоқ)<br>• Тұсбағдар адаспау үшін қажет. (ия) |

| | |
|---|---|
| | • Күн әрқашан шығыстан атады. (ия)<br>• Тал түсте күн солтүстікте болады. (жоқ)<br>**Ынталандыру: Тамаша! сабақты жақсы түсінгенсіңдер!** |
| **Сабақтың соңы**<br>5 мин | **Кері байланыс. «Стикер»** арқылы<br>Сабақты түсінген болса күннің суретін, түсініксіздеу болса бұлтты күннің суретін, түсінбесе бұлттың суретін салып береді. |

| **Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз?<br>Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** |
|---|---|
| **Барлық оқушылар:** көкжиектің бағыттарын біледі, тұсбағдар көмегімен көкжиек бағыттарын анықтайды<br>**Көпшілік оқушылар:** тұсбағдар көмегімен көкжиек бағыттарын анықтап, дәлелдейді.<br>**Кейбір оқушылар:** Құмырсқаның илеуін және ағаштың сақинасын табу арқылы көкжиек тұстарын анықтайды. | **Ынталандыру:** Жарайсың!<br>Сұрақтарға дұрыс жауап бердің.<br>**ҚБ.** Көкжиек тұстарын анықтай алады.<br>**ҚБ.**Көкжиектің аралық тұстарын дұрыс таптың!<br>**Өзіндік жұмыс:**<br>Графикалық бағалау. «жұлдызша» арқылы<br>**Топаралық бағалау:** «Жарайсыңдар!» Кесілген ағаш сақинасының жылдық шеңберлері нені білдіретінін білдіңдер! Құмырсқаның илеуіне қарау арқылы көкжиек тұстарын анықтадыңдар! |
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Оқу мақсаты мен сабақтың мақсаттары орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті? Қандай кедергілер болды?<br>Не сәтті өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) уақытты қалай пайдаландым?<br>Жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неге? | Оқу мақсаты мен сабақтың мақсаты шынайы, қолжетімді болды. Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді. Белсенді оқу тапсырмалары сәтті өтті. Сабақта саралап оқу тапсырмалары дұрыс жүргізілді. Сабақ кезеңдерінде уақыт тиімді пайдаланылды.<br>Сабақ жоспарынан ауытқулар болған жоқ. |

| |
|---|
| **Жалпы бағалау**<br>Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1. Топтық жұмыста «Көзбен көру айғағы» тәсілі бойынша берілген тапсырма бойынша әрбір оқушы өз ойын қорытып, топ болып пікірлерімен бөлісуі;<br>2. Ұжымдық жұмыста «Зерттеушілік жоба» тәсілі бойынша тақырыпты түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамыту.<br>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>ϖ Тиімді әдіс-тәсілдер көбірек қолданса.<br>ϖ Ақпаратттық-коммуникациялық технология қолданса.<br>Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет? |

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

**ЮСУПОВА ЖАНАР ЕЛАБАЕВНА**
*Шымкент қаласы № 61 жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі*

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалды.

Бастауыш білім беру мақсаты — келесі негізгі кең ауқымды дағдыларға:

¬ білімдерді функционалдық және шығармашылық қолдану;
¬ сыни ойлау;
¬ зерттеу жұмыстарын жүргізу;
¬ ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану;
¬ әр түрлі коммуникация тәсілдерін пайдалану;
¬ топта және жеке жұмыс істеуептілігі;

a. проблемаларды шешу және шешімдер қабылдауға ие оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру.

Педагогикалық әдіс-тәсілдер

¬ құндылықты-бағдарланған;

¬ әрекетті;

¬ тұлғалық-бағдарланған;

¬ кіріктірілмелі;

¬ коммуникативті

әдіс-тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын құрудағы негізгі бағдарлар болып табылады.

Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған.

**Оқыту әдіс-тәсілдері:**

Құндылықты-бағдарланған тәсіл-оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл— педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл— оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл-бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Интегративтік тәсіл-оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тәсілі — зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

**Интербелсенді әдіс**

Интербелсенді әдіс– үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter – аралық, бірнеше, action- әрекет дегенді білдіреді) Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті” деп атаймыз. Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.

Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты– тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Интерактивті негізде оқу мақсаты – білу емес, үйрене білу

· өзіне деген сенімге тәрбиелейді

· шешендік өнерін жетілдіреді

· танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын)

· сыни ойлау дағдыларын дамытады

· өз пікіріне деген құқығын түйсінуі артады

Интербелсенді оқыту- әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Кун-цзы) былай деген екен : «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары ән тәсілдері ретінде танылады.

Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:
¬ терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
¬ өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
¬ ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
¬ өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
¬ пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
¬ шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;
Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:
· бірлескен жұмыс;
· — танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.
Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:
· — бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),
· — рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,
· — ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет,
· құжаттар, мұражай т.б.)
· — презентациялар,
· — тренингтер,
· — интервью,
· — сауалнама т.б.
Интерактивті әдістерді қолдануда кейбір ережелерді есте сақтау қажет:
· **Бірінші ереже.** Жұмысқа балалар толығымен қатысуы керек.
· **Екінші ереже.** Балаларды психологиялық тұрғыдан дайындау, сабақ барысында сергіту сәті, балаларды белсенділігі үшін марапаттау, баланың өзін — өзі көрсетуіне жол беру.
· **Үшінші ереже**.Кабинет талапқа сай болуы қажет .
· **Төртінші ереже.** Жұмыс орнына назар аудару қажет. Оқу орны ыңғайлы және жайлы болуы қажет. Бала өз пікірін, көзқарасын білдіріп, дәлелдеп беруге мүмкіндік жасалуы қажет.
· **Бесінші ереже**. Оқу барысында процедураға және регламентке назар аудару қажет. Мысалы, белгіленген уақыттан асып кетпеу, бөгде кісінің пікірін сыйлау, сөзді бөлмеу, оның ар-ожданын сыйлау.
· **Алтыншы ереже**. Оқушыларды проблема шешу барысында топқа бөлуге мұқият қарау .
Интерактивтік әдістеме өзара қарым – қатынастың мол ауқымын қамтиды. Дегенмен, әдістемелік амал қандай болса да, оқушылардың өздерінің өмірлік тәжірибелерін білім берудің негізгі көзі саналады. Оқу процесінің барысында мынадай қарым – қатынасқа түседі:
· Мұғаліммен (оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);
· Өзге балалармен (қосақталып жұмыс істеу барысында)
· Шағын топтармен (3-5 баламен);
· Балалардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас, сынып болып әлдебір мәселені талқылау барысында);
· Балалардың тобымен және халықпен (топ әлеуметтік сауалнама жүргізеді);
· Кейбір техника түрлерімен (мысалға , компьютермен);
Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің аралығындағы мәселелерді талқылайды, зерттейді. Оған дәлел: Ми неғұрлым белсенді жұмыс істеген сайын, оқу үдерісі соғұрлым қарқынды жүзеге асады деген Хэтти

Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады. Жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Мұғалімдер әр сабақ соңында оқушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды, яғни бүгінгі тақырыпқа деген жаңаша түсінік пайда болды ма, немесе жоспар іске асты ма деген сияқты ……т.б. Интербелсенді әдістер қолданылған сабақтарда сыныпты екі немесе үш, төрт ұялы топтарға бөліп, барлығына бірдей бір тапсырма не әр ұялы топқа бөлек-бөлек тапсырма беруге болады.

Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят (ситуация) кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.

**«Маршрут» ойыны.**

Бұл ойын чайнворд ұстанымы бойынша жүреді. Чайнворд (ағыл. chain – шынжыр және word – сөз) бас қатыру есебі – ойланып табылған сөздің әріптерін, алдыңғы сөздің соңғы әрпі, кейінгі сөздің алдыңғы әрпі болып табылатындай етіп, бірінің соңына бірі тізбектеле орналасқан торкөздерге сөздер толтырады.

Мысалы, Алматы-ыдыс-сабын-нар-рахмет-тарақ,-қарбыз т.б.

**«Екі әріп» ойыны.**

Бірінші қатысушы бір сөз, зат есімді айтады. Келесі қатысушы сол сөздің соңғы екі әрпінен келетін сөзді ойлап табады, бірақ дауыстап айтпайды, тек өз сөзімен түсіндіреді, үшінші қатысушы мұның не туралы айтып жатқанын түсінеді де, сол сөздің соңғы екі әрпіне сөз ойлап табады. Бір қызығы балалар сөзді жасырушының не туралы айтып жатқанын біледі, бірақ ешкім оны дауыстап айтуына болмайды.

**«Еске түсіру» ойыны.**

Қатар отырған оқушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, көзінің түсі қандай, киімі қандай, аяқ киімі қандай, егер қыз бала болса юбкасының түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

**«Екі ассоциация» ойыны.** Екі баған сызады да, оған төрт сөзден жазады. Бағанға кез келген адам, жануар, заттардың атын жазады. Осы екі жақтағы сөзді байланыстырып, ерекше бір ассоциация ойлап табуы керек. Мысалы егер бірінші бағанға мысық, екіншісіне жарық деп жазылса, екі сөзді қосып «жарыққа жылынған мысық», «лампочка спиралы мысық мұртына ұқсайды», «лампочка сияқты» мысық томпақ және жылы», «мысықтың басы лампочка сияқты» т.б. ерекше ұқсастықтар табады. Орындауға 5 минут уақыт беріледі. Жазғандардың ішінен ең қызықты ассоциация таңдалады.

**«Қара жәшік» ойыны.** Оқушылар екі топқа бөлінеді. Стол үстіне екі жәшік қойып, ішіне көзілдірік, түйме, гүл, желпуіш, айна т.б. заттарды салады. Ойыншының міндеті жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай қолданатынын сипаттап айтуы керек. Қарсы топ оларды жасырып отырған затын айтқан сөздеріне қарап табуы керек.

**«Дұрыс-дұрыс емес» ойыны.** Ойынға қатысушыларды екі топқа бөледі. Оларды бір-біріне қарама-қарсы отырғызған дұрыс. Ортаға бос екі орындық қояды. Бір орындық «дұрыс» дегенді білдірсе, екінші орындық «дұрыс емес» дегенді білдіреді. Мұғалім немесе бір оқушы қағазда жазылған ой-тұжырымды оқиды: Ы.Алтынсарин – алғаш мектеп ашушылардың бірі». Бұл тұжырымды дұрыс деп санаса, олар тез барып «дұрыс» орындығына отыруы тиіс. «Дұрыс емес» деп санаса, соған сәйкес белгіленген орындыққа отырады. Қайсысы бірінші барып отырса және жауапты дұрыс тапса, сол жеңімпаз болады.

**«Жолға шығу» ойыны**. Ойын айналадағы заттарға талдау жасауға мүмкіндік береді. Жолға шыққан жолаушы қандай заттарды алады? деген сұрақ қойылады.Бір топ керекті заттар тізімін айтады, екінші топ ол заттар не үшін қажет екенін айтып беруі керек.

**«Кемпірқосақ» ойыны.** Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес түсті затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма береді. Мысалы: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр). Кімде-кім түске сәйкес заттың атын таппай қалса, ойыннан шығады

**«Еске түсіру» ойыны.** Қатар отырған оқушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, көзінің түсі қандай, киімі қандай, аяқ киімі қандай, егер қыз бала болса юбкасының түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

Жаңартылған білім бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктері оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және таңдап қолдануды талап етеді.

**1.“ Ыстық орындық” әдісі.** Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі, орындық ыстық.

**2.“Автор орындығы”** оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. Бұл әдістер үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуде тиімді.

**3. «Миға шабуыл» стратегиясы**

(Мұғалімдермен жұмыс) Тақырыпқа байланысты идеяларды көбірек жазыңыз. Уақыт аяқталғанда кезектесіп өз идеяларыңызды оқисыз, идея қайталанбау керек. Қайталанған идеяларды сызып тастап отырыңыз. Мысалы: “оқушылар мектепті тастамас үшін не істеу керек?”

**4. “3 таяқша” әдісі** (мұғалімдермен жұмыс) Берілген тақырыпқа байланысты 1 сұрақ 1 жауап 1 идея әр топ даярлап, көпшілікке салады. Мысалы: “деңгейлі оқыту туралы”

**5.«Бинго» ойыны.** (Мұғалімдермен жұмыс) Лотоға түскен сандарға байланысты сұрақтар беру. Мысалы: 16 — сұрақ. Семинарға не үшін келдіңіз? Алдымен мұғалімдерге жауап бергізіп, соңынан дайын жауапты ашу, салыстыру. «Әдіс алмасу үшін.»

**6.«Өзіңізді тексеріңіз» әдісі**. Бұл мәлімет ШЫНДЫҚ па немесе ЖАЛҒАН ба? Өтілген мәтін бойынша мысалдар келтіріледі. Мысалдарды оқу кезінде оқушылар ол келтірілген мысалдың өтілген мәтінде бар, жоғын анықтайды.

**7. Ширату** ( Оқушыларға ширату түрлерін жасату)

**8. «Он сұрақ!» әдісі.** (мұғалімдермен жұмыс, гүл, семинар, сабақ, оқу сөздерін келтіру) Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады – қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не ИӘ, не ЖОҚ деп беріледі.

**9.«Серпілген сауал» әдісі**

Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында сұрақтарды лақтырыңыз.

**10. «Сұрақтар жаңбыры»**

Ұйымдастыру: топпен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сұрақ қою және сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Сипаттамасы: оқушылар топтарға өз еркімен, қалауымен бөлінеді. Әр топ параққа сұрақтар жазып, бір-біріне лақтырады. Алған сұрақтарына жауап жазып, кері лақтырады. Жауап жазылған парақты қағып алған ойыншы, сол жауаптан сұрақ тудырып, ары қарай лақтырады. Ойын осылай жалғасады.

**11. «Детектив» әдісі**

Ұйымдастыру: топпен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сыни ойлау, көшбасшылық дағдыларын дамыту.

Сипаттамасы: Оқушылар екі топқа біріктіріледі. Екі топқа да шытырман оқиғалы мәтін шағын бөліктерге бөлініп, қима қағаздарға жазылып беріледі. Олар 15 минут ішінде осы мәтіндегі шытырман оқиғаның шешімін табуы тиіс. Әр топ өз шешімдерін айтады. Қандай тәсілмен анықтағандары талқыланып, ақпараттармен жұмыс істеу туралы ой бөліседі.

**12.«Коллаж әңгіме» әдісі**

Ұйымдастыру: топпен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сыни ойлау және коммуникативтік дағдыларын дамыту.

Сипаттамасы: оқушыларға түрлі-түсті суреттері бар журналдар беріледі. Олар журналдардан қиып алып алған суреттерін флипчартқа жабыстырып, әңгіме құрастырады.

**13.«Менің сөзім» әдісі**

Ұйымдастыру: ұжыммен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сабақта алған білім, білігін бағалау.

Сипаттамасы: сыныптан бір оқушы тұрып, сабақтан бүгінгі үйренгендерін қорытындылап айтады. Айтып болған соң, басқа бір оқушының атын атайды. Сөзді сол оқушы жалғастырып, сабаққа рефлексия жасайды. Барлық оқушы сабақты қорытындылауға осы ретпен қатысады.

**14.«Жағымды, жағымсыз, даулы» әдісі**

Ұйымдастыру: топпен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сыни ойлау, талдау дағдыларын дамыту, сабаққа қызығушылықтарын арттыру.

Сипаттамасы: оқушылар шағын топтарға біріктіріледі. Әр топ оқылған әңгімені немесе мәтінді «жағымды, жағымсыз, даулы» мәселелерге бөліп, талқылап, өз ойларын(идеяларын) айтады. Содан кейін әр топқа тек бір мәселені бөліп беріп, олар үлкен топқа өз ойларын (идеяларын) ұсынады, ал басқа топтар толықтырып немесе қарсы пікірлер айтуына болады.

**15.«Суретті әңгімеле» әдісі**

Ұйымдастыру: барлық сыныппен, жұппен жұмыс.

Мақсаты: бір бөлігі берілген сурет бойынша әңгімелету, суреттегі оқиғаның басын және соңын болжату арқылы тапқызу.

Қажетті материалдар: сериялы суреттер

Сипаттамасы: оқушыларға сурет көрсетіліп, әңгімелетіледі. Қажет болған жағдайда әңгіменің жаңа сөздерін алдын ала үйретуге болады. Сурет әңгіменің бір бөлігі екені ескертіледі. Оқушыларға суретте бейнеленген сәттің алдында не болғаны және кейін не болатыны болжатылады. Оқушылардың өз әңгімелері тыңдалғаннан кейін әңгіменің толық нұсқасы оқып беріледі.

Оқушылар өздері құраған әңгіме мен әңгіменің шынайы сюжетін салыстырады. Оқушыларға әңгімедегі негізгі ойды табу тапсырылады.

**16. «Неге? Неге? Неге?» әдісі**

Ұйымдастыру: ұжыммен жұмыс.

Мақсаты: Орындалған тапсырмалардың түйінді тұстарымен ой бөлісу және оқушылардың рефлексиялық ойлауын дамыту.

Сипаттамасы: Оқушылар шеңбер бойымен тұрады. Жүргізуші осы сабақта не үйренгенін айтады және соңғы сөйлемін «неге?» деген сұрақпен аяқтайды. Келесі оқушы сол сұраққа жауап беріп, қасындағы әріптесіне «неге?» деген сөзі бар сұраулы сөйлем айтады. Келесі ойыншылар да осы әрекеттерді тізбек бойынша жалғастырады. Ойынның соңында оқушылар орындалған тапсырмаларды еске түсіріп, олардың түйінді тұстарымен ой бөліседі.

**17. «Әңгімеге негізделген жазу»**
Ұйымдастыру: топпен/жұппен жұмыс
Мақсаты: әңгіме желісі бойынша орындалған жұмысты топтарда немесе жұптарда талқылай отырып жазу; әңгіме туралы өз ойларын ортаға салу және пікір алмасу.
Қажетті материалдар: ақ парақтар, қалам
Сипаттамасы: берілген әңгіме бойынша шақыру қағазын, хат, ашықхат, электрондық хат, күнделік жаздыру үшін оқушылар шағын топтарға немесе жұптарға бөлінеді. Оқушылар берілген жұмыс түрлерінің бірін таңдайды немесе жеребе арқылы анықталады. Жазу уақыты белгіленіп, оқушыларға ескертіледі. Әр топта немесе жұпта бір хатшы сайланады. Оқушылар не жазатындарын талқылап, бір-бірімен пікіралмасады. Жазып біткеннен кейін олар өз жұмыстары төңірегінде ой бөліседі.
**1. Шақыру қағазы.** Оқушылар мазмұны кеш, туған күн немесе басқа да мерекелер туралы айтылған әңгімені тыңдағаннан кейін шақыру қағазын жазады.
**2. Хат.** Оқушылар әңгіме кейіпкерінің атынан хат жазады.
**3. Ашықхат.** Оқушылар әңгіменің кейіпкерінің атынан кейіпкердің ата-анасына хат жазады.
**4. e-mail.** Оқушылар әңгіменің бір кейіпкеріне электрондық хат жазады.
**18. «Қол белгісі»**
Ұйымдастыру: ұжыммен жұмыс.
Мақсаты: оқушылардың рефлексиялық қабілетін дамыту
Сипаттамасы: Мұғалім оқушылардан тақырыпты түсінгендігін немесе түсінбегендігін қол белгілері арқылы арқылы көрсетуді сұрайды. «Мен түсініп отырмын және түсіндіре аламын» дегендер қолдын бас бармағын жоғары бағыттайды. «Мен әлі түсінбей отырмын» дегендер қолдын бас бармағын жанына қарай жантайтады. «Мен түсінгеніме сенімді емеспін» дегендер қолды бұлғайды.
Осы белгілерге сүйеніп, мұғалім сабақтың қай деңгейде өткенін біле алады.
**19. «Бағдаршам»**
Ұйымдастыру: ұжыммен жұмыс.
Мақсаты: оқушылардың рефлексиялық қабілетін дамыту
Сипаттамасы: Әрбір оқушыға бағдаршам түстеріне сәйкес карточкалар таратылады. Мұғалім олардан сабақты түсінген-түсінбегеніне сәйкес карточкаларды көтеруін сұрайды. Жасыл карточка көтерген оқушылар барлығын түсінген боп есептеледі. «Не түсіндің?» сұрағы қосымша қойылады. Сары және қызыл карточка көтергендерден не түсініксіз болғаны айқындалып, тақырып төңірегінде қосымша жұмыстар жүргізіледі.
Бұл жүйе арқылы тақырыпты пысықтауға немесе әлі де жетілдіру керектігін білуге болады.

## ЖЫЛУӨТКІЗГІШТІК. КОНВЕКЦИЯ. СӘУЛЕ ШЫҒАРУ

**АЙТУАРОВА АЙГУЛЬ ЖУМАТОВНА**
*Шымкент қаласы № 61 жалпы орта білім беретін*
*мектептің физика пәнінің мұғалімі*

| | |
|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:** Жылу құбылыстары<br><br>**Сынып: 8** | **Мектеп:**<br><br>**Мұғалімнің аты-жөні:**<br>**Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтақырыбы** | **Жылуөткізгіштік. Конвекция. Сәуле шығару** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 8.3.2.2 – жылу берілудің түрлерін салыстыру |
| **Сабақмақсаттары** | **Оқушылар білуі тиіс**:<br>Ішкі энергияны жылу берілу арқылы өзгертудің түрлерін білу және салыстыру<br>Экспериментті жоспарлау, сипаттау және.ғылыми тұрғыдан негіздеме жасау. |
| **Жетістіккритерийлері** | 1.Жылу берілудің түрлеріне ұсынылған тәжірибені жоспарлайды<br>2.Эксперимент нәтижесін ғылыми тұрғыдан түсіндіреді<br>3.Жылу берілудің түрлерінің қандай параметрлерге байланыстылығын болжайды, болжамдарын дәлелдеу жолдарын анықтайды.<br>4.Жылу берілудің түрлеріне мысалдар келтіріп оны түсіндіреді. |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар білуі тиіс**:<br>Жылу берілудің түрлеріне мысалдар келтіріп ауызша түсіндіру.<br>**Пәнге тән лексика мен терминология:** жылу**,** жылу энергиясы, кинетикалық энергия**,** жылу өткізгіштік, конвекция, сәуле шығару, ақ түсті және қара түсті беттердің жылу өткізгіштігі.<br>**Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:**<br>Жылу берілу үш түрі бар, олар: ……………… …………………..<br>Жылу өткізгіштік дегеніміз ..................................................<br>Конвекция дегеніміз .....................................................................<br>Сәулелену дегеніміз ....................................................................<br>Жылу өткізгіштің түрлерінің заттың күйіне және тегіне байланысты, себебі...... |
| **Құндылықтарды дарыту** | Бұл сабақ академиялық адалдық,топта жұмыс жасай алу, өзболжамдарынұсыну, көзқарастарындәлелдеу және жауапкершілік құндылықтарын дамытуға бағытталған. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Заттың молекулалық құрылымы және зат күйлері <u>химия пәнімен байланыс</u> |
| **Бастапқы білім** | Оқушыларалдыңғытақырыптанішкі энергия және оны өзгертудіңтәсілдерінбіледі. Ішкі энергияны өзгертудің тәсілдеріне мысалдар келтіре алады. |

**Сабақ барысы**

<table>
<tr><th>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</th><th>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br><br>0-5-мин<br><br><br>6-7 мин</td><td>1.Өткен материалды меңгергендерін тексеру мақсатында салыстыру кестесі беріледі.<br>Ішкі энергияны өзгертудің тәсілдері механикалық жұмыс жасау және жылу берілуді салыстыру
<table>
<tr><th>Айырмашылығы</th><th>Ұқсастығы</th><th>Айырмашылығы</th></tr>
<tr><td>Механикалық жұмыс істеу</td><td rowspan="2"></td><td>Жылу алмасу</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
Бағалау критерийлері:<br>1. Ішкі энергияны өзгертудің тәсілдерін біледі;<br>2. Ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыра алады.<br>Орындалған тапсырма нәтижесін ескере отырып мұғалім кері байланыс береді.<br>2. Ой қозғау.<br>Жылу батареялары әдетте еденге жақын, ал кондиционерлер бөлменің жоғарғы жағында орналасады. Неліктен?<br>3. Мақсатты болжау. Оқушылармен бірге сабақ мақсаты анықталады:<br>Ішкі энергияны жылу берілу арқылы өзгертудің түрлерін білу және салыстыру<br>Экспериментті жоспарлау, сипаттау және.ғылыми тұрғыдан негіздеме жасау.</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br><br>8-35 минут</td><td>4. Түсіндіру.Мұғалім сыныпты үш топқа бөледі.Әр топ өздеріне берілген эксперименттік тапсырманы орындайды<br>1-топ.Жылу өткізгіштік .<br>1-эксперимент<br>Оқушыларға штатив, спиртовка, сіріңке, темір және алюминнен жасалған шыбықтар, кеңсе кнопкасы, пластилин берілген.Осы құралдарды пайдаланып металл шыбықтарға жылудың берілуін бақылап,тәжірибені сипаттайдыжәне нәтижесін талдайды.<br>Топ жұмыс жасап жатқанда жетелеуші сұрақтар қою арқылы қолдау көрсетуге болады. Мысалы:<br>- Металл шыбықтар заттың қандай күйі?<br>- Эксперимент барысында неліктен түйрегіштер кезектесіп түсті?<br>- Шыбықтың қай бөлігінде орналасқан түйрегіштер түсе бастады?<br>- Қатты заттардың молекуларының орналасуы қандай?<br>- Шыбықтың шетінде тұрған кнопкалар неге түсу уақыты кеш?</td></tr>
</table>

- Алюминий және темір шыбықтардағы түйреушітің түсу уақыты бірдей ме?
- Оларға бірдей мөлшерде жылу беріліп жатыр ма?
- Қандай нәтижеге сүйеніп олардың жылу өткізгіштігі әртүрлі деп болжау жасаймыз?
- Денелердің жылу өткізгіштің қасиетіне қарай олардың қолдану аясы қандай?

Оқушылар жылу өткізгіштің заттың тегіне байланысты болатынын түсіндіреді.

**2- эксперимент**

**Штатив, пробирка, су, мұз, жанарғы**

Оқушылар жылу өткізгіштік заттың күйіне байланысты екенін дәлелдейді.Тәжірибе нәтижесін топта талқылайды.

**Ерекше қабілетті** оқушылар оқулықтағы 2-жаттығу бойынша 1,2,5,6 сұрақтарға дайындалып, басқа топ мүшелеріне сұрақтар қояды.

**2-топ Конвекция**

**1-эксперимент**

Оқушылар сынауыққа су құйып жоғарғы жағынан қыздырады, оның төменгі және жоғарғы жағындағы температураны салыстырады. Оқушылар судың жылу өткізгіштігіне байланысты тиісті қорытынды жасайды.

**2-Эксперимент**

Оқушылар сынауыққа су құйып төменгі жағынан қыздырады, оның төменгі және жоғарғы жағындағы температураны салыстырады. Оқушылар бірінші әәне екінші эксперимент арасындағы айырмашылықты түсіндіреді. Сұйықтарда жылу қалай берілетінін топта талқылайды.

**3 – эксперимент** Конвекция құбылысын сипаттау үшін қыздырғыш плита, колба, перманганат калий түйіршіктері берілген.Осы құралдарды пайдаланып сұйықтарда жылу төменнен жоғарыға қарай берілетінін дәлелдеп, тәжірибеге қорытынды жасайды.Топ мүшелеріне жетелеуші сұрақтар қоюға болады. Мысалы:

1.Судың төменгі қабаты қызғанда , оның көлемі қалай өзгеретін сипаттаңдар.

2. Судың төменгі жағындағы қызған қабаты мен жоғарғы жағындағы салқын қабаты неліктен орын ауыстырады

3.Неліктен конвекция газдар мен сұйықтарда жүретінін болжаңдар

4.Заттың қандай күйінде конвекция жүру мүмкін емес? Жауаптарыңды негіздеңдер

**Ерекше қабілетті** оқушылар оқулықтағы 3-жаттығу 1,2,3 сұрақтарды дайындалып,басқа топ мүшелеріне сұрақтар қояды.

**3-топ Сәулелену**

**1-эксперимент**

Плитканы қыздыру, қызған плиткаға қолымызды жақындатамыз.**Жылу бізге қалай беріледі ?**

**Тірек сөздерге назар аударыңдар?**

Біздің қолымыз бен плитка арасында не бар?

Ауа жылуды қалай өткізеді ( қатты заттар мен сұйықтарға қарағанда? Мысалы плиткаға қасықты қойсақ ол тез қызады, ыдыстағы суды қойсақ олда тез қызады)




**2-эксперимент** Қажетті құралдар сұйықты Монометр ( газдың немесе сұйықтың қысымын өлшейтін құрал ), жылу қабылдағыш ( оның құрлысына назар аударыңдар), стол лампасы немесе электр плиткасы

1.Монометрді жылу қабылдағышқа қосу, жылу қабылдағышты қыздыру Монометрдегі сұйық бағаны орын ауыстырды.неліктен монометрдегі сұйық бағанының деңгейі өзгергені бойынша оқушылар болжау жасайды.

| | |
|---|---|
| | Болжамдарыңды топ ішінде талқылайды.<br>2.Жылу қабылдағыш пен қызған дене арасына қағаз парағын қойып, нәтижесін бақылап талдайды.<br>3.Сәулелену қарқындылығы қашықтыққа және, температураға,беттің түсіне байланысты екендігін дәлелдейтін тәжірибені жасап, нәтижесін топта талдайды<br>4.Сәулелену қандай ортада жүзеге асады? Қатты , сұйық, газ немесе вакуум<br>**Ерекше қабілетті** оқушылар **4-жаттығудың 1,2,3 сұрақтарын талдап, басқа топ мүшелеріне қояды.**<br>*Бағалау критерийлері:*<br>*1.Экспериментті сипаттайды және талдайды*<br>*2. Топ алдында баяндау шеберлігі*<br>*3. Тәжірибе нәтижесіне қорытынды жасайды* |
| Сабақтың соңы<br>10 минут | **5. Рефлексия.**<br>- нені білдім, нені үйрендім<br>- нені толық түсінбедім<br>- немен жұмысты жалғастыру қажет<br>**Үй тапсырмасы 2-7/8,3-5, 4-8**<br>Тест тапсырмаларын орындау |

| **Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
|---|---|---|
| Сырттай бақылай отырып, кері байланыс беріп, **орташа қабілетті** оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойып, қолдау көрсетіп отырамын. **Қабілетті оқушылар**сұрақтар дайындайды. | Материалды меңгергендігін тексеру үшін бағалау критерийлерін қолдану. Топтық жұмысты және эксперименттік тапсырмалардың орындалуын сырттай бақылау арқылы бағалау. | Топтық жұмысты және эксперименттік тапсырмалардың орындағанда қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау. |
| ***Сабақ бойынша рефлексия***<br>*Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?*<br>*Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?*<br>*Жеткізбесе, неліктен?*<br>*Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?*<br>*Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?*<br>*Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?* | | *Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.* |
| **Жалпы баға**<br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**1:**<br>**2:**<br>**Сабақтыжақсартуға не ықпалетеалады (оқытутуралы да, оқутуралы да ойланыңыз)?**<br>**1:**<br>**2:**<br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | | |

# ТАРИХ ПӘНІНЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

**ЕРЕХАНОВА ЗЕЙНЕШ ТУРЕХАНОВНА**
*Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Әбдіғаппар ауылы*
*№ 213 жалпы орта мектебінің тарих пәні мұғалімі педагог-зерттеуші*

*«Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім,*
*оқуды ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» К.Ушинский*

«Мұғалім – мектептің жүрегі» деп халқының болашағы үшін білімнің даңғыл жолын салған Ыбырай Алтынсарин бекерден бекер айтпаған. Әрбір мұғалім өзін мектептің жүрегімін деп есептеп, мектептің жанын кіргізердей дәрежеде болуы тиіс. Өз ісіне аса ықыласпен ден қоя отырып, құзырлы мұғалім ретінде баланың жүрегіне білім нәрін себе білуі керек. Сындарлы оқыту туралы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім – біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Бұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір – көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым – түсініктерін өрістетуге орайластырылып құрылады.

Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай – ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсіну . Білімді және тәрбиелі, дүниетанымы кең, ұшқыр ойлы ұрпақ тәрбиелеу үшіні – сындарлы оқыту теориясын сабақ үдерісінің негізгі көзіне айналдыру қажет. Осы бағытта білім беру ұйымдарының алдындағы мақсат – мұғалімдер тәжірибесін үнемі жетілдіру және бағалау. Жаңа әдіс –тәсілдердің практикалық қолданысын кеңейту, дамыту болып табылады. Оқу сапасын арттыруда ,оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда әдіс-тәсілдерді мейлінше түрлендіріп отырған дұрыс. Ағартушы қайраткер А. Байтұрсынұлы «Қай әдіс жақсы?» деген мақаласында: «Жалғыз әліп-би үйренудің өзінде толып жатқан әдіс бар. Әр әдіс-өз орнында жақсы. Әдіс көрнекіліктен шығады. Әдістің жаман-жақсы болмағы жұмсалатын орнына қарай» дейді. Ал Л.Н.Толстой «Үйрету әдістері туралы» еңбегінде «Олақтықтың белгісі-бір ғана әдісті білу, шеберліктің белгісі-түрлі әдісті білу, керек кезінде жоқ әдісті де таба білу.

Мұғалім көп әдісті білу керек,оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс есебінде қолдану керек» деген. Олай болса, күнделікті ізденісіміз, жаңа технологияларды оқып-үйреніп өз тәжірибемізде шеберлікпен қолдануымыз-алдымыздағы шәкірттерге терең де тиянақты білім берудегі қажеттілігіміз. Алдымызда тұрған міндеттеріміз мынадай: оқушының өзіндік және жеке ойлауын қалыптастыру оқушының шығармашылық таланттарын жан – жақты ашып көрсету оқушының сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту сабақ үдерісінде АКТ –ны тиімді пайдалану тарих сабағында оқушының белсенділігін арттыру оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыру. оқушылардың ғылыми білім, іскерлік дағдыларды меңгеруіне керекті оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру. ақыл-ойды, ұғымталдықты, қабілетті, дарындылықты дамыту. Оқушының жаңа тың материалдарды тауып , сұрыптауына мүмкіндік туады . Әл-Фараби: « оқыту дегеніміз – үйрету, дағдыландыру, әрекеттендіру»,- дейді. Оқыту – мұғалім мен оқушылардың белгіленген мақсатқа жетуге бағытталған, реттелген, бірлескен іс-әрекеті, оқушылардың танымдық іс-әрекетін арнайы ұйымдастыру. Оқыту процесі – мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекеті.

Оқыту процесі – екі жақты процесс болғандықтан, мұғалім мен оқушылардың бірлескен іс-әрекетін, мұғалім тарапынан оқушы іс-әрекетіне басшылық етуді, жоспарлауды, ұйымдастыруды, басқаруды талап етеді. Осы процесте оқушылар ғылыми білімдер алып, іс-әрекет жасауға үйреніп, жақсы мен жаман туралы көзқарастарын қалыптастырады. Бүгінгі таңда сабақ өткізудің түрлері көбеюде. Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сапалы білім, саналы тәрбие беруде сабақтың тиімді түрлерін қолданып келемін. Осы мақсатта оқушылардың танымдық қызығушылығын, белсенділігін арттыру үшін өз сабағымда пайдаланып жүрген әдіс-тәсілдерден мысалдар келтіріп кетуді жөн көрдім.

5- сыныптарда ойын сабақтары, 8-10 сыныптарда сын тұрғысынан дамыту, ұжымдық оқыту, пікірталас, семинар, сынақ, жарыс, өзіндік жұмыс, мәнерлеп оқыту т.б. тәсілдерді қолданамын. Сурет-иллюстрациялар бойынша әңгіме құрастыру, тірек сигналдар, тірек-сызбалар, кластерлер, хронологиялық таблицалар құрастыру, тірек-конспектілер, Венн диаграммасы арқылы жұмыс істеу әдістері де қолданылады. Тағы бір ерекшелік, күнделікті сабақпен салыстырғанда қайталау сабақтарында оқушылардың өз беттерінше ойланып жұмыс істеуіне едәуір мүмкіндік туады. Тарихи оқиғалар мен құбылыстарды өз бетінше талдайды, салыстырады, қорытынды жасайды, баға береді.

11 сыныптың Қазақстан тарихы пәні бойынша «1916 жылғы ұлт –азаттық көтерілістің алғышарты, сипаты,

мақсаты, барысы мен нәтижелері» деген тақырып бойынша сабақ өтіп, оқушыларға топта жұмыс жасата отырып, жаңа білімді игеруіне бағыт бердім. Сабақтың ұйымдастыру сәтінде мен оқушы назарын сабаққа аудару мақсатында С.Мұқановтың «Ботакөз» романынан үзінді оқып, оқушыларға «Бұл үзіндіде қандай тарихи оқиға суреттелген?» деген сұрақ қойдым.

Оқушылар I дүниежүзілік соғыс кезі деп жауап берді. Осыдан соң бүгінгі сабағымыздың сол соғыс кезінде қазақ даласында болған ұлт-азаттық көтерілісі жайлы екендігін хабарладым. Сабақты ілгері апару үшін шағын екі топқа бөліну керек екендігін ескерттім.Оқушыларды өздері ұнататын түстерге байланысты екі топқа бөлдім.Топтарға жаңа сабақтың мазмұнын ашу, түсіну мақсатында тапсырма бердім. 1-топқа көтерілістің болу себебі, мақсаты, сипаты, негізгі ошақтары жайлы оқып постер әзірлеуді тапсырдым.

Ал екінші топқа интернет материалдарын пайдаланып көтерілістің басшылары, көтеріліс барысындағы ірі шайқастар, олардың нәтижелері мен тарихи маңызы жайлы деректер алуды тапсырдым және сол іздену жұмыстарын ортаға салып қорғау қажеттігін ескерттім. Екі топта өздеріне берілген тапсырмаларды зор қызығушылықпен орындады, постермен жұмыс жасап қорғады. Бұл сабақта ұялы телефондар тиімді қолданылды. Мен бұрын ғаламтор материалдарын өзім таратып беретін едім. Осы сабақта оқушылар өздері оқулықта жоқ көтерілістің басшылары туралы мәліметтерді тауып, оқып үйренді, талдады. Осы тапқан мәліметтерін топ бойынша қорғады.

Оқушылар топ бойынша жұмыс жасай отырып бір –бірін тыңдады, оқып үйренді. Тақырып мазмұнын ашты . Тақырып мазмұнын әр топ дөңгелек стол әдісі арқылы қорғады. Жаңа тақырыпты оқушылар өз бетімен меңгеруге бағытталып, жұптық әрі топтық талдау жасау арқылы түсінді. Сабақты бекіту кезеңінде оқушылар өздерінің нені меңгерді,нені меңгермегенін анықтау мақсатында «Жедел жауап» сайысы арқылы өз білімдерін тексерді. Сабақ соңында топтарға әр топтың сабақ барысындағы іс-әрекетіне бағалау критерийлері арқылы баға берді. Топпен жұмыс тәсілі оқушылардың бір-бірін тыңдай білуіне, сөйлеу мәдениетіне, өздерін сенімді ұстауына, ұйымшыл болуға тәрбиелейтінін байқадым.

Тарих сабақтарында көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдана білу мұғалім алдында тұрған бірден- бір міндет. Сабақта жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді, жаңа ақпарат түрі көбейіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды.

Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болу тиіс . Мен сабақтарымда интерактивті тақтаны жиі пайдалануға тырысамын. Сабақ барысында заман талабына сәйкес электронды оқулықтар арқылы оқытуды да пайдаланамын. Оқытудың мұндай инновациялық, интерактивті әдістері оқушылардың бұрынғы дәстүрлі сабақтармен салыстырғанда неғұрлым нәтижелі білімді игеруіне жағдай туғызады . Яғни, бұл жағдайда оқушылардың сабақ үрдісіндегі белсенділігі, пәнге қызығушылығы артады.

Бұл әдістер оқушыларды тапқырлыққа, тездікке, ойын жинақтай білуге, жүйелі білім алуға тәрбиелейді. Ақпаратты технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады. Оқушылармен материалды игеру үрдісін психологиялық түрде жеңілдетеді. Пәнге деген танымдылық қызығушылығын тудырады. Оқушылардың көз қарасын кенейтеді. Сабақ үстінде көрнекілікті қолдану мүмкіндігі өседі. Тарихты оқуға және үлгерімді жоғарылату қызығушылығы туады. Теориялық материалды толық игеру болады. Ақпаратты табу, оны компьютерлік технология арқылы өңдеу, өз көзқарасын нақты және қысқаша қалыптастыру дағдысы. Сабақ үстінде оқушының да мұғалімнінде еңбек өнімінің жоғарлауы болады. Бүгінгі күні республикамызда білім беру жүйесінің түбегейлі өзгеріске ұшырауы анықталғаны баршамызға аян. Оның негізгі факторы жаһандану үрдісіндегі білім беру саласында жаңа модельдердің дүниеге келуі, білім беру үрдісінің ақпараттандырылуы болып табылады. Прогрессивті концепциялардың пайда болуы, білім беру үрдісінде алға кеткен мемлекеттердің тәжірибесімен танысу және соның нәтижесінде ұлттық білім беру моделін құрастыру бүгінгі күні өте өзекті мәселе болып табылады, өйткені нарықтық экономикаға негізделген мемлекетіміздің келешегіне мамандар қажеттігінен туындайды.

Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай сабақ беру үрдісінде қазіргі күннің, яғни инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады. «Ұстазы жақсының

ұстамы жақсы» — деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ. Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Ұлы ойшыл Уильям Уорд « Жай мұғалім – хабарлайды. Жақсы мұғалім -түсіндіреді. Керемет мұғалім –көрсетеді. Ұлы мұғалім – шабыттандырады» деген екен.

Сондықтан XXI ғасыр мұғалімі жан-жақты болуы заңды деп ойлаймын. Оқыта отырып тәрбиелеу-қазіргі заман мұғалімінен талап етілетін басты мәселе. Сондықтан атақты педагог К.Д.Ушинскийдің «Оқыту-тәрбиелеудің қуатты органы, бұл органды пайдалана білмеген тәрбиеші шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралынан айрылады» деген сөзін үнемі жадымызда сақтасақ деймін.

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

**АБДРАХМАНОВА ГУЛЬМИРА АСЕТОВНА**
*ШҚО. Катонқарағай ауданы. Алтынбел ауылы*
*"Новоберёзовка орта мектебі" КММ. Бастауыш сынып мұғалімі*

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды істер күтіп тұр.» деген болатын. Елдің елдігін сақтап, көркейтетін, өркендететін және болашақты айқындап беретін – білім мен тәрбие беру ісі. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде көптеген жаңалықтар мен өзгерістер өмірге келуде. Заманауи қоғамның өркендеп өсуі білім жүйесінің сапасын жақсартуды,жаңа технологияларды тиімді қолдануды, жаңа формациядағы ұстаздар арқылы еліміздің білім жүйесін халықаралық стандарт деңгейіне жеткізуді мақсат етіп отыр.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да білім беру жүйесінің сапасын арттыру үшін ең алдымен мұғалімнің кәсіби біліктілігін арттыру мәселесіне үлкен мән берген.Бұл бағдарламаның міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. Бағдарлама барысында педагогиканың әртүрлі аспектілері талқыланады.

Әлемдік тәжірибеге негізделе жасалған бұл жоба оқушылардың өз дәлелін еркін жеткізе алатындай, сенімді, сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған оқушы қалыптастыруды мақсат етеді. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға, синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары: Бақылау. Талдау. Қорытындылау.

Өз тәжірибемде «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының әдіс – тәсілдерін ана тілі, қазақ тілі, дүниетану сабақтарында қолданамын. Тәжірибемде қолданған кейбір тәсілдерге тоқтала кетейін.

**Қызығушылықты ояту** кезеңінде бұрынғы білетіні мен жаңа білімді ұштастыруда «Топтау», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау» әдістерін қолданамын.

**Мағынаны ашу**– кезеңінде оқушылар жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Сондықтан оқушының өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасаймын. Бұл кезеңде көбіне INSERT әдісін қолданған қолайлы.

**Ой толғау**-кезеңінде оқушы не үйренгені саралап, оны қандай жағдайда қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Белсенді түрде өздігінен үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер еңгізеді.

Сабақтың бұл кезеңінде «Еркін жазу әдісі», «Бес жолды өлең», «Венн көрсетуі» т.б осы сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне қарай лайықты қолданылады.

Белгілі бір мәтінді толық меңгерту, кейіпкерлер бейнесіне талдау жасап, өз ойын жүйелі жеткізе алуға үйрету, өзіндік ой қорыта білу, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін жетілдіру, ой - өрісі мен дүниетанымын кеңейту, сөздік қорларын молайту, кейіпкерлер бойындағы жақсы қасиеттерді үлгі ету мақсат етіп алынды.

Оқушылар үй тапсырмасын «Шеңбер» әдісімен орындады.

"Шеңбер" әдісі бойынша, оқушылар сыртқы шеңбер, ішкі шеңбер болып орналасады. Ішкі шеңбер болып орналасқан оқушылар, сыртқы шеңберге орналасқан оқушыларға сұрақ қоя отырып, диалог жүргізеді немесе сыртқы шеңберде орналасқан оқушылар сұрақ береді. Шеңбер жасап тұрған оқушылар сағат тілі бойынша жүре отырып, барлық оқушымен кездесіп өзара диалогтік қарым-қатынас орнатады. Бұл тәсіл оқушыларды өзара білім алмасуына тиімді және үй тапсырмасын сұрауға, қайталауға арналған тақырыптарды сұрауға таптырмайтын тәсіл деп ойлаймын. «INSERT» әдісімен мәтінді үш бөлікке бөліп, үш топқа бөліп берілді. Оқушылар өздері жаңа сабақты оқып, өздері талдап, түсіндіріп, қорғайды. "Жауапқа сұрақ"әдісіне келетін болсам, "Сұраққа жауап" әдісінен «Жауапқа сұрақ» әдісі әлдеқайда тиімді. Өйткені сұраққа жауап бергеннен гөрі , жауапқа сұрақ тудыру күрделі ойлауды қажет етеді. Сабаққа негіз болатын сөзді жауап ретінде тақтаға жазып қоямын. Оқушылар берілген жауапқа бірнеше сұрақтар тудыру арқылы білімдерін дамытады.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

**ШОХАНОВА АЙСАУЛЕ АБЗАЛОВНА**
*Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қоныстану селосы*
*"Қызғалдақ"бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі*

*«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында,*
*ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» (Н. Ә. Назарбаев)*

Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы - мектепке дейінгі ұйымдардан басталған орынды. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс - тәсілмен берілетін тәлім – тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан - жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілікті, мағынасына өшпейтін із қалдырады. Баланы мектеп алды даярлау үздіксіз білім беру жүйесіндегі маңызы мен өзектілігі ерекше мәселелердің бірі болып саналады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор.

Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивті бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі - мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс - әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді.

Өмір талабына сай жаңа технологияларды оқу процесі мен тәрбие аясында шебер қолдана білу тәрбиешінің міндеті болса, ертегілерді оқу іс - әрекетінде өз ретімен қолдана білсе тәрбиеленушілерді жан - жақты дамытуда ертегінің аса зор мәні бар екенін айқындайды. Оқу іс - әрекеті барысында ертегі кейіпкерлерінің жан - жақты мінез - құлықтарын айыра білу бойынша жақсы деген немене, жаман деген немене екендігіне көзін жеткізеді.

Барлық оқу іс - әрекетінде ертегілерді қолдану арқылы негізгі педагогикалық дәстүр пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады. Ертегінің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшелігі бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, оқиғаның желісінің басталуы, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Әсіресе адам өміріне байланысты іс - әрекет өткір сықақ - мысқылмен беріліп, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді. Бала жағымсыз кейіпкердің жексұрын әрекетінен бой тартып жақсылыққа құмартады. Ертегінің әр жақты сырын қызықты, тартымды, бала санасына лайықтай жеткізу айтушының шынайы шеберлігіне тікелей байланысты. Бақшада ертегі оқу, сабақта және сабақтан тыс уақыттарда өтіледі. Оқу жұмысы баланың жас ерекшелігіне орай жоспарланады. Сәбилер тобында ауызша әңгімелеп беру тәсілі қолданылады.

Сәбилер тобында оқығанды тыңдату және әңгімелеп беру қатар жүргізіледі. Мұндай мақсат – ертегіні ауызекі әңгімелеуге төселдіре отырып оқылғанды шыдамдылықпен тыңдай білуге үйретеді.

Ассоциация әдісі – сол тыңдаған ертегі жайлы мәлімет

Мысалы: Суретте «Бауырсақ» ертегісіндегі бауырсақ ортасында тармақтарына кемпір, шал, қоян, үй, қасқыр, аю, түлкіні балалар жапсырады көп қиынды суреттердің ішінен.

Ой қозғау әдісі: Балаларға ертегілерге берілген жұмбақтарды жасыру;

Жалпақ тұмсық көріп пе ең,
Жер қазатын тінткілеп.
Ілмек дерсің құйрығын,
Кебіс дерсің тұяғын,
Білсең енді таба ғой,
Қай кейіпкер екенін? (Үш торай)
Әжей жақсы көретін осы қызға,
Телпек тарту етіпті қызыл түсті.
Ұнатқаны соншама бұл сыйлықты,
Немересі есімін ұмытыпты,
Ал, айтшы сен, бұл есімді? (Қызыл телпек)

Сұрақтар арқылы ой салу:

Сен бұларды неліктен ертегілер деп ойлайсың?

Халық ертегілері мен авторлық ертегілерді ата, олардың айырмашылығы неде?

«Қызыл телпек» ертегісінің авторы кім?
Сен Қызыл телпектің орнында болсаң не істер едің?
СТО - ның элементтерінің бірі – Венн диаграмманы пайдалану (екі ертегіні салыстыру, ортақ белгісін табу, қорытындылау, нақтылау).
Интерактивті тақтаны қолдану:
- Флипчартта «инструменты» батырмасының көмегімен сызғышпен әр түрлі бағытта «Бауырсақ» тың жолын салу, презентацияда жүктелген суреттерді орналастырып, актив қаламның көмегімен бауырсақты жүргізу, балалар бағытты дауыстап айтады; (графикалық диктант түрінде қолданса болады)
Мысалы: Жата - жата жалыққан бауырсақ терезеден секіріп түсіп домалай жөнеледі.
- Бағыты: төмен, оңға, төмен, қоянға жолығады
Ассоциация әдісі: қоян - қорқақ, ұзын құлақ, ерні жырық, артқы аяғы жақсы дамыған, көзі қызыл, қыста тонын ауыстырады, құйрығы кішкентай, секіреді (Балалар орындарынан тұрып секіреді)
- Бағыты: солға, төмен, оңға, жоғары қасқырға жолықты
Ассоциация әдісі: қасқыр - жабайы жануар, сұр, жағымсыз кейіпкер, жыртқыш, итке ұқсайды, ұлиды (Түймені басып қасқырдың дыбысын естірту)
- Бағыты: оңға, жоғары, оңға, төмен аюға кездесті
Ассоциация: аю - жабайы жануар, бал жейді, жидек жейді, қорбаңдап жүреді, аяғы талтақ, аю ақырады (Дыбысын естірту)
- Бағыты: оңға, төмен түсіп түлкіге кездесті
Ассоциация: түлкі - қу, айлакер, құйрығы ұзын, сылаңдап жүреді
Бауырсақ, түлкіге жем болғысы келмей, үйіне қайтқысы келіп тұр көмектесейік (бір бала активті қаламды алып бауырсақты келген жолымен қайта домалатады, балалар бағытын айтып отырады)
Ертегідегі мінез - құлқы қарама - қарсы кейіпкерлерді ата;(кіші топтың балаларына жағымды кейіпкерді тәрбиеші атайды, бала жалғастырады)
Мысалы: Қызыл телпек – Қасқыр, Күлше қыз - өгей шешесі, Қарлығаш - жылан, Ит – мысық, Қасқыр – түлкі

## ҚЫСҚЫ КЕШ

**ЖУМАГЕЛЬДИНА ЖАНАР СОЦИАЛОВНА**
*Қарағанды облысы Шет ауданы Ст. Киик*
*С.Мұқамеджанов ЖОББМ. Бастауыш сынып мұғалімі*

| | |
|---|---|
| **Пән: Әдебиеттік оқу**<br>**Орта мерзімді жоспар бөлімі: *<u>Уақыт</u>***<br>**Күні:**<br>**Сынып:** | **Мектеп:**<br>**Мұғалімнің аты-жөні:**<br>**Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:0** |
| **Сабақ тақырыбы** | **Қысқы кеш суреттері**<br>**Қысқы кеш. Александр Пушкин.** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 3.1.5.1 – өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып, жеткізу. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады.<br>**Көптеген оқушылар:** шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды.<br>**Кейбір оқушылар:** берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. |
| **Бағалау критерийлері** | ● мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады.<br>● шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды.<br>● берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. |
**Таным** – білім алу және дамыту үрдісі , үнемі тереңдетіліп және кеңейтіліп отыратын,нәтижесінде,жаңа білім алынатын таным объектісі мен субъектісінің әрекеттесуі.

Таным ол әрекеттің мақсаты мен түрткісін анықтайтын тұлғаның ақпараттық қорын құрайтын қоғамдық-тарихи үдеріс философиялық категория болып табылады. Философиялық сөздікте: таным- заттардың эмоциялық мазмұнын немесе ақиқатты табу мақсатындағы заттардың күйін,жағдайын меңгеру болып табылады. Педагогикалық сөздікте таным –әлем туралы шынайы білімдерді алуға деген субъектінің шығармашылық іс-әрекеті деп жазылып, сыртқы орта туралы ақпарат алу тұрғысынан берілген.
Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыруда көбіне танымдық ойындар қолданылады. Танымдық ойындар баршамызға белгілі таным мүшелерін дамытуда,қоршаған ортаны,айналадағы дүниені таныстыруда мақсатты түрде пайдаланылады.

Танымдық-шығармашылық ойындар балаларға қоршаған ортаның,табиғат құбылыстарының өзгерістерін, оның қалай пайда болатынын қызықты да естен шықпайтындай етіп қабылдайды. Мектеп жасына дейінгі балаларға алғаш ойналған ойын керемет бір ғажап дүние сияқты болып көрінеді. Себебі бұл кездегі балалар өздері алғаш көрген жаңа дүниені , затты ешқашан ұмытпайды.

Балабақшадағы ересек жастағы балалардың танымдық құзыреттілігін шығармашылығын,ойлау қабілетін дамытуға ықпал ететін ойындардан мысал келтірсек, балаларды үй жануарлары мен таныстыруда төрт түлікке , жабайы аңдар,үй құстары және т.б байланысты мынадай танымдық шығармашылық ойындарды қолдана аламыз.

**«Қайсы ненің даусы?»**

Мақсаты: баланың есту зейіні,тез ойлау қабілеттерін дамыту.
Қажетті құралдар: магнитафон немесе теледидар,жан-жануарлардың дауысы бар диск.Бұл ойында балаларға төрт түліктің даусы магнитафоннан немесе теледидардан естіледі. Балалар әр жануардың даусын естіп,оны ажырата бастайды.Дәл осылай жабайы аңдардың даусын ести отырып,олардың да даусын ажырата алуы керек.
Үй құстарының дауысын да ажырата алуы қажет.
Табиғат құбылыстарының дауысын жарата білуі керек.

**«Не екенін тап?»**

Мақсаты: балалардың сипап сезу арқылы таным қабілеттерін дамыту.
Керекті құрал-жабдықтар: жеміс-жидектер,көкөністер
Балалардың көздерін байлап, қолдарына жемістерді немесе көкөністерді ұстап, сипап сезу арқылы балалар қолында тұрған заттың атын айтады.

**«Суреттерді дұрыс құрастыр» ойыны**

Мақсаты: балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.
Керекті құрал-жабдықтар: құстардың қиылған суреті
Балалардың алдына үй құстарының қиылған суреттері беріледі. Ол суретте құстың басы,денесі,қанаты және аяқтары бөлек-бөлек қиылған болады. Балаларға берілетін тапсырма суреттерді дұрыс жинастыру.

**«Суреттің жұбын тап» танымдық ойыны.**

Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін ,есте сақтауын және тілін дамыту.
Қажетті құралдар:Магниттік тақта,магниттер,12 жұп суреттер: анар-алма,шәйнек-кесе,қораз-әтеш,аққу-шағала,шегіртке-құмырсқа,күрек-тырма,қызғалдақ-раушан,ешкі-қой,қасқыр-аю,картоп-сәбіз,кітап-дәптер,қаламсап-қалам.Тәрбиеші магниттік тақтаға ойынның суреттерін іледі. Суреттердің орналасуы: жоғарғы қатарына –фасоль,алма,шәйнек,қораз,аққу,құмырсқа,күрек,қызғалдақ,ешкі,қасқыр,кітап,сәбіздің суреттерін қояды.Төменгі жағына горох,анар,кесе,әтеш,шағала,шегіртке,тырна,раушан,қой,картоп,дәптердің суреттерін қояды.

Балаларға жоғарғы қатардан сурет таңдап ,төменгі қатардан сол суреттің жұбын тауып топтастыру керек екенін түсіндіреді. Балалар кезекпен жұптарын тауып және неліктен олай ойлайтынын айтады. Мысалы: фасоль суретіне мен горохтың суретін жұп қылып топтастырдым. Себебі екеуі де асқа жатады.
Тәрбиеші негізгі дұрыс жауапты алғаннан соң,суреттің орнын ауыстырып жұптарын бірінің астына бірін қойып отырады. Содан соң балалардан қалған суреттердің жұптары қандай болғанын еске түсірулерін сұрайды.
Суретке қарап сурет пен сөздерді байланыстыр

**«Ауа,су және жарық» шығармашылық ойыны**

Мақсаты: Берілген суреттегі сурет пен сөздерді байланыстыра отырып,сөйлем құрастыру. Балалардың ойлау және сөйлеу қабілетін дамыту.
Ерте,ерте,ертеде,осыдан көп жыл бұрын құстар шөлдеп,қаталапты,ағаштар қурап қалыпты,гүлдер солады. Шөлдеген құстар желден көмек сұрайды. Көмектесуге уәде берген жел күнге келеді. Күн көлдердің,көлшіктердің суын қыздыра бастады. Су тамшылары буға айналып,аспанға көтерілді. Ол жерде тамшылар бір-бірімен қосылып,бұлтқа айналды. Жерге жаңбыр жауды. Жер рақаттана демалды. Жаңбыр суына шөлі қанған өсімдіктер мен құстар қуанды.

**«Кім табады?» танымдық ойын**

Мақсаты: балалардың тез ойлау,тілін дамыту,есте сақтау қабілеттерін дамыту
Бұл ойында балаларға ұшатын құстар мен ұшпайтын құстарды ажырату қажет
Қажетті құралдар: Магниттік тақта,магниттер, сонымен бірге құстардың суреттері:үкі,жапалақ,қарлығаш,қарға,сауысқан,бүркіт,бөдене,қырғауыл, түйеқұс,тауық,қораз,торғай,шымшық,қаз,үйрек,және т.б

**«Көбелектер «әлемі» жаттығуы**

Мақсаты: релаксация және қиялын дамыту.
Қажетті құралдар: МР3,баяу орындалатын музыка,кілемшелер (бала санына қарай)
Жаттығудың өтілу барысы:
Балалар кілемшеге шалқасынан жатып,аяқ-қолдарын еркін созады.
Тәрбиеші арнайы релаксацияның әуенін қосып былай дейді: «Көздеріңді жұмып,менің даусымды естіңдер. Жеңіл әрі жаймен демалыңдар.Өздеріңді керемет жаздың шуақты күнінде шалғында жүргендеріңді елестетіңдер. Дәл қазір сендердің көз алдарыңа ғажайып көбелек гүлден-гүлге ұшып жүргенін көріп тұрсыңдар. Оның қанаттарының қимыл-қозғалысына қарасаңдаршы!

Ол қанаттарын жеңіл әрі әсем етіп қозғалтады. Енді әрқайсыларын осы көбелектің ғажайып үлкен әрі керемет қанаттарын өздеріңе қиялдап көріңдерші!Сендердің қанаттарың төмен-жоғары баяу қалықтап қозғалып жатқанын сезініңдер!Ауада баяу қалықтап жүргендеріңді сезініп рахаттаныңдар! Ал енді өздерің ұшып жүрген жерлеріңнен төмендегі жап-жасыл болып тұрған шалғынға зер салыңдар. Қараңдаршы, қандай жайқалып тұрған гүлдердің көптігін! Көздеріңмен ең әдемі гүлді тауып алып, соған жақындай түсіңдер! Енді сендер өздеріңнің гүлдеріңнің иісін сездіңдер!Жайменен қалықтап осы гүлдің аңқыған иісінің ортасына отырыңдар! Тағы да оның жұпар иісімен демалыңдар. Енді көздеріңді ашыңдар! Балалар кезекпен өздерінің сезімдері жайлы айтады.

**«Түлкінің балалары мен бүркіт»**

Мақсаты: балалардың зейінін , ерік жігерін дамыту.

Ойын барысы: Балалар 1,2 санау арқылы немесе өз еріктерімен түлкілер және бүркіттер болып екіге бөлінеді. Бүркіттер түлкілерді аңдып бір жерде жиналып отырады. Түлкілердің ішінен біреуі түлкі болып қалғандары түлкінің балалары болады. Түлкі ортаға тұрып , қандай да бір қимылдар жасап, оны әртүрлі қылып өзгертіп жасай береді. Түлкінің балалары анасының жасағандарын қалмай қайталап жасап отыруы керек. Кім қимылдарды жасауға үлгермей немесе жасай алмаса соны бүркіттер алып кетеді. Анасымен қалған түлкі баласы жеңімпаз болып саналады. Ойын жүргізушілері ауыстырылып 2-3 рет қайталанады.

Ескерту. Ойынды көңілді әуен қосып ойнаған жақсы.

Сонымен,ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік,ойынды өткізу,ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал заттарды даярлау , ойынды өткізуге әзірлік болып саналады.

Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау,бұл ойынның өз мақсатына жетуі,балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады.

Қорытындылай келе,балалардың шығармашылығын,танымдық қызығушылығын,сөздік қорларын дамытуда ойындарды,тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып,ауызша сөйлеу машығын игереді,таным белсенділіктері қалыптаса түсіп,ақыл-ойы өсіп жетіледі,әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

*БАЙЖАНОВА ГҮЛЗАТ САҒЫНАЙҚЫЗЫ*
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақай ауылдық округі КММ
№17 «Алақай» санаториялық ясли-бақшасының тәрбиешісі

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді өзінің халқын сүюге тәрбиелеу- мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» деген еді. Сол сияқты әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен «ұлтжандылық», «отансүйгіштік», «патриотизм» ұғымдары, сол заманның ақиқаты, наным сенімінен туындайды. Еліміз егеменді алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы қазақстандық патриотизм болды. Ұрпағымызды кеудесінде азаматтық намысы бар, білімді, туған жерін сүйетін өнегелі ұрпақ етіп өсіргіміз келсе, бар назарымызды келешек ұрпақ тәрбиесіне аударуымыз қажет. Қазіргі білімнің болашағы мол факторларының бірі – еліне адал ұрпақты тәрбиелеу. «Жас бала жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді» дегендей, жаңа отырғызған жас шыбық тамыры тереңдеп, жапырағы жайқалып, саялы ағаш болып үлкейгенше, мәпелеп күтіп, үзбей тәрбиелеуді керек ететін сияқты бүлдіршіндерді де алдын ала жақсы тәрбиеге үйреткен жөн.

Адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласында заман талабына сай, уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз етуіміз керек. Қазіргі қоғам жастарының бойына Отанға деген сүйіспеншілікті, адами құндылықтар-мейірімділікті, қайырымдылықты, әділдікті, қамқоршылдықты сіңіріп тәрбиелеуді талап етеді. Халық дүниеге келген жас нәрестенің болашағын ойлап, бар жақсылықты баланың жолына бағыттап, көркемсөзді, мақал-мәтелді, жаңылтпаштарды, салт-дәстүрді күнделікті тәрбиеде пайдаланып отырған. Ата-баба мұрасын қаймағы бұзылмаған өмір тәжірибесінен алынған қалпында қолдану ұрпақ үшін пайдалы болмақ. Өз елінің, жерінің, халқының қамын ойлап, мерей-мәртебесін биіктету үшін ұлттық тәрбиені жетік білуі қажет. Сондықтан да ата-бабаларымыз ұлттық тәрбиеге, салт-дәстүрге ерекше мән берген.

Еліне адал ұрпақты тәрбиелеу үшін жас ата-аналарға терең ұғындырып ұлттық тәрбие беруіміз қажет. Әр отбасында өз балаларын еркелетіп, айтқанын жасап үйреткен ата-ана енді өзінің ақылын баласы ескірмейтін халге жету, осындай келеңсіз нәрселерді болдырмау үшін ең алдымен болашақ ұрпағымыздың патриоттық сезімдері жоғары, ұлтжанды, еліне адал болып өсуі тәрбиешілердің, мұғалімдердің еңбегінен туындайды. Ол үшін халқымыздың ғасырдан ғасырға қастерлеп келген құнды дәстүрлерін есімізде сақтап, санамызға құюымыз қажет. Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларға патриоттық бағытта тәрбие беруді жүзеге асыру жолдарын жүйелеу-бойында Отанына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік сезімдерін, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еліне адал ұрпақ тәрбиелеу. Патриоттық – бұл Отанына деген терең саналы сүйіспеншілік, оған деген адалдығы, табыстары мен жеңістеріне мақтаныш сезім, құдіретті және әдемі болу үшін белсенді ынталануы.

Бұл ұлттық мақтаныш сезімі және біздің мемлекетімізде тұратын барлық ұлт өкілдеріне құрметті қарым-қатынасы. Отанға деген сүйіспеншілік адамдарды шабыттандырады, әр азаматтың өмірі маңызды және рухани бай болады. Отанға деген сүйіспеншілік балаларда жасына қарай жанұяда, мектепте, барлық қоршаған болмыста қалыптасады.

Патриотизм ұғымы өздігінен қалыптаспайды, ол үшін бірнеше алғы шарт қажет: Ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты қадірлеу, ана тілді ардақтап құрметтеу, төл тарихымызды білу, барлық халықтарға деген құрмет болуы тиіс. Отанға деген сүйіспеншілік сезім балаларда біртіндеп білім жинау және адамдардың еңбегі, табиғат барысында қалыптасады. Отанға, туған өлкесіне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу – балабақшада мектепте шешетін аса маңызды міндеттердің бірі.

Отанға деген сүйіспеншілік сезім жақын туған-туысқанға, бала қамқорлықпен және назармен, еркелікпен аймалайтын жанұясына деген махабатынан көрінеді. Отан сәбиге туған жерден, оның тұратын көшесінен, мектеп көшесінен, қаласынан туған-туыстары тұратын туған ауылынан басталады. Біртіндеп балалар Қазақстан Республикасының басқа да қалаларын біле бастайды. Табиғат пен есте қалатын жерлер, Қазақстанда тұратын әртүрлі ұлттық өкілдерінің еңбектерімен, туған өлкесінің өнерімен танысады. Халық өнерін сүюді үйретеміз. Маңызды әр серуенде қоршаған әлемнің әдемілігін көргенде балалардың жүздерінде кішкене болса да қуаныш күлкісі қалатынын сезуге болады. Ұмытпау, құрметтеуге, азаматтардың еңбектері біздің тарихымызға деген қызығушылыққа тәрбиелейді.

Патриоттық – бұл сүйіспеншілік құрмет, республикамыздың Президентіне мақтаныш сезім, Қазақстан Республикасының рәміздеріне сүйіспеншілік пен құрмет, Елтаңбасына, Туына, Әнұранына, Елордасы Астана қаласына, Ата заңына, Желтоқсан оқиғасына қатысқан адамдарға т.б. сүйіспеншілік құрмет көрсету. Балалардың сана сезімі, туған өлкесі туралы қазақ әуені бала жанына терең сіңдірілмей патриоттық тәрбие толық болуы мүмкін емес. Бала жүрегінде мейірімділік, еркелік, ақпейілділік, қазақ әндерінің сырластығы сезгіштікті оятады, үлкен жалынды сезім тудырады, халықтың өмірін, дәстүрлерін, жақынырақ білуге көмектеседі. Қазақ ақындарының табиғат туралы өлеңдерін оқу, серуен кезі және атақты жазушылармен таныстыру кезі, назар аударарлықтай жерлер туралы әңгімелер еліне адал ұрпақты тәрбиелеуде ең қажеттісін береді. Мектепке дейінгі жастағы балалардың қоғамдық өмірмен танысуы оған деген қызығушылығын дамытуға мүмкіндік туғызады. Бала жақсы көретін кітабын көруіне, өзінің көңілінде жүрген тақырыбына сурет салуына, өзінің досына не көргенін айтуға болады, сол үшін оны жүзеге асыруға жағдай жасауымыз керек. Қоғамдық оқиғалар туралы әңгіме айтып, сұрақтарға жауап беру, олардың қызығушылығын тереңдету біздің міндетіміз болып табылады. Балалар өзінің туған қаласымен және Отанымен танысқанда олардың көңіл күйлері көтеріліп, мақтаныш сезім туып, көріп білгендерін сурет арқылы көрсетіп бергенді жақсы көреді. Сондай сурет салу өнері бойынша байқауға бір оқушым қатысып, өзінің сурет салуға деген қызығушылық әрекетін көрсете білді. Осындай сурет көрмелерін ұйымдастырып баруға да болады екен. Балалардың Отанына, туған жеріне деген игілікті сүйіспеншілік сезімдері оянып және жүректерінде мәңгі қалады. Жыл бойы балалармен жүргізілетін жұмыстың негізі – ол табиғатпен танысу, оны қорғау қызметі.

Табиғатты танып білу арқылы оны қорғай отырып олар Отанды, туған жерді таниды. Біртіндеп осылай мектепте рухани-адамгершілік, патриоттық, еліне адал ұрпақты тәрбиелеу жұмысының жүйесі қалыптасады. Өсіп келе жатқан еліне адал ұрпақтың патриоттық тәрбиесі – біздің заманымыздың аса қажетті міндеттерінің бірі. Сіздер мен біздер тек болашақ буынды ғана емес, жалпы адамзаттық қадір-қасиеттердің мән-маңызын түсінетін, жаны да, тәні де таза, білімді, еліне адал азаматтар тәрбиелеуге міндеттіміз.

## «ҮЛКЕН-КІШІ. БИІК-АЛАСА»

*ИБРАГИМОВА СЫРГУЛ ҚАЛЖАНҚЫЗЫ*
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақай ауылдық округі КММ
№17 «Алақай» санаториялық ясли-бақшасының тәрбиешісі

**Білім беру саласы:** Таным
**Бөлімі: ҚМТҚ**
**Тақырыбы:** «Үлкен-кіші. Биік-аласа.»
**Мақсаты**: таңертең(таң)-тәулік бөлігімен таныстыру.
**Міндеттері:** таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші, биік-аласа) салыстыруды үйрету. Шыдамдылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.
**Қажетті көрнекіліктер:** ойыншық кірпі, шымылдық, Слайд
**Сөздік жұмыс:** таңертең, үлкен-кіші, биік-аласа.
**Билингвальді компонент:** таңертең-утро, үлкен-большой, кішкентай-маленький, биік-высокий, аласа-низкий, ұзын-длинный, қысқа-короткий.

| **Оқу қызметінің кезеңдері** | **Тәрбиешінің оқу қызметі** | **Балалардың оқу қызметі** |
|---|---|---|
| **Моти-вациялық қозғаушы-лық** | - Балалар, бүгінгі оқу қызметімізге көптеген қонақтар келген екен, қонақтармен амандасайық.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Кел балалар күлейік<br>Күлкіменен түлейік<br>Қабақ түйген не керек?<br>Көңілді боп жүрейік!<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>- Атаулары қандай?<br>- Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер болады?<br>- Жарайсыңдар, балалар!<br>- Балалар, бүгінгі өтетін оқу қызметіміз Математика. Тақырыбы «Үлкен-кіші және биік-аласа»<br>Оқу қызметін бастамас бұрын өткен тақырыпты есімізге түсірейікші. Кім біледі?<br>- Дұрыс, жарайсың!<br>Слайдпен пішіндерді қайталау:<br>- Балалар, мынау қандай пішін?<br>- Неліктен шаршы дейміз?<br>- Шаршыға нелер ұқсайды?<br>- Ал,мынау қандай пішін?<br>- Неліктен үшбұрыш дейміз?<br>- Үшбұрышқа нелер ұқсайды?<br>- Ал, мынау қандай пішін?<br>- Шеңберде бұрыш бола ма?<br>- Ол неге ұқсайды?<br>- Жарайсыңдар балалар!<br>- Енді жаңа тақырыбымызға өтейік.<br>Ғажайып сәт.<br>- Балалар, бүгін бізге қонақ келгенін білесіңдер ме? Ол бізге тәулік мезгілдері туралы әңгімелеп бермекші. Мен бір жұмбақ жасырайын, жауабын тапсаңдар келген қонақтың не екенін білесіңдер.<br>**Жұмбақ:**<br>Тиіскенді түйреген,<br>Киімі бар инеден. (Кірпі.)<br>Балалар, жұмбақ не туралы?<br>Осы кезде шымылдықтың артынан ақырын кірпі шығып, балалармен амандасады. Кірпі балаларға бір тәулікте төрт мезгіл болатынын, олар: таңертең, күндіз, кеш, түн деп аталатынын айтады.<br>- Сендер үлкендер мен балалар таңертең, күндіз, кешке, түнде немен айналысатынын білгілерің келе ме?<br>- Таңертең үлкендер жұмысқа, ал балалар балабақшаға, мектепке барады. Күндіз үлкендер жұмыс істейді, ал балалар сабақ оқиды. Кешке бәрі демалып, түнде ұйықтайды. | Қимылмен шаттық шеңберін жасайды<br>- Қыс<br>- Үш ай бар<br>- Желтоқсан, қаңтар, ақпан<br>Үшбұрыш, шеңбер, шаршы<br>- Шаршы<br>- Өйткені төрт бұрышы бар<br>- Үстел, терезе, кітап<br>- Үшбұрыш<br>- Өйткені үш бұрыштары бар.<br>- Үй шатыры, шырша<br>- Шеңбер<br>- Жоқ ол дөңгелек<br>- Күн, алма, доп<br>Кірпі туралы<br>Балалар мұқият тыңдайды.<br>Ия, білгіміз келеді |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | **Кірпі:**<br>- Балалар, суреттен нені көріп тұрсыңдар?<br>- Кірпілер бірдей ме?<br>- Олар қандай екен?<br>Кірпі суретте сүті бар тағы екі кесе салынғанын айтады:үлкен кесе үлкен кірпіге,ал кішкентай кесе кіші кірпіге арналған.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен<br>Теріп-теріп алайық | Кірпілерді көріп тұрмыз<br>- Әртүрлі.<br>- Үлкен және кішкентай. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қалтамызға салайық | |
| | Ойын «**Кірпі немен қоректенеді**?»<br>**Шарты:** суреттерді көрсету арқылы кірпі қай нәрсемен қоректенетінін сұрайды.<br>Кірпі балаларға тапсырмаларды дұрыс орындағандары үшін рақмет айтып қоштасады.<br>Балаларға үйлердің суреттерін көрсетеді.<br>- Балалар, үйлер бірдей ме, жоқ әртүрлі ме?<br>- Дұрыс? Бір үй биік,ал басқа үй аласа.<br>- Бір-біріңе арқаларыңмен тұрыңдар,қайсың биік, қайсың аласа екенін көреміз. Балаларға биік-аласа сөздерін түсіндіреді.<br>**Ойын «Суреттерді орналастыр»** .<br>**Шарты:** Берілген суреттерді көлеміне қарай ажыратып орналастыру. | Салыстырып жауап береді. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | - Балалар, бүгін бізге қонаққа кім келді?<br>- Балалар, біз қандай тақырып өттік? Не үйрендік?<br>Ұйымдастырған оқу іс-қызметінде араласқан балаларды мақтап, мадақтау. | |

**Күтілетін нәтиже:**
**Меңгереді**: Үлкен-кіші, биік-аласа мағынасын.
**Игереді:** суреттерді дұрыс орналастыруды
**Қолданады:** дайын пішіндерді орнына жапсыруды.

## «ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ОЙ-ӨРІСІН ДАМЫТУ»

*ӘУЕЗ НАЗИРА АМАНДОСҚЫЗЫ*
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақай ауылдық округі КММ
№17 «Алақай» санаториялық ясли-бақшасының тәрбиешісі

*«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып оның шығармашылық қабілетін дамытады. Ойынсыз ақыл ойдың қалыптасуы мүмкін емес». (В. А. Сухамлинский).*

Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Ойын - жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені, оның қайнар көзі мен шыңы. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді, көңіл көтертеді, дем алдырады,
сонымен қатар, ол сықақтап, күлдіріп, кез-келген әлеуметтік мәртебенің шартты екендігін көрсетеді

Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.
Ұлы педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек.

Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады.

Ойын бала үшін — нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А.П.Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру — оларды тәрбиелеу деген сөз. Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілікетеді». Ойын мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі іс - әрекетінің бір түрі. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш-жігерін жұмсап, сезініп білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді.

Бүгінгі күн талабы – баланың ақыл - ойын парасаттылығын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу. Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып,уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек.

Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау мектепке дейінгі мекеме педагогтарының негізгі міндеті

Ойын барысында балалар педагогпен бірлесіп ереже бойынша қызықты тапсырмалар орындап,жағымды қарым – қатынас жасауы балалардың эмоционалды көңіл – күйлерін көтереді, сондықтан да дидактикалық ойынға қажетті құрал – жабдықтар,атрибуттар айшықты, мазмұнды безендірілуі де өте маңызды. Балалардың интеллектуалдық дамуына әсер ететін жаңа ойын технологиялары да біздің балаларға танымал. Мысалы: Логикалық тізбек ойындары. Логикалық ойлау арқылы бала саралау, салыстыру, жинақтау сияқты өз бетімен іс – қимылдар жасауды үйренеді. Баланың логикалық ойлауы өздігінен қалыптаспайды, оның дамуына мақсатты түрде білім беру мамандарының, ата - аналардың, балалардың бірлескен жүйелі жұмысы қажет. Балалар ойыны заттық – қол қимылының (пирамида жинау,текшелерден үй құрау) даму жолынан бастап интеллектуалды даму ойынына дейін жетеді. Логикалық ойлауды дамытудың негізгі рөлі математикалық ойындарға жатады.Бұл ойындар арқылы баланың интеллектуалды дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің; танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтидыМысалы,
«Суреттерді есте сақта», «Керекті фигураны тап», «Қызықты геометрия»,«Лабиринт ойындары»және т.б.. «Ойы саяздың, тілі саяз» деген ұлғатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізі баланың сөйлеу тілін де қалыптастырады. Қорытып айтқанда, балаларды интеллектуалды дамыту тәрбиесі білімді тереңдетуге,бекітуге,оның тәжірибелік мәнін түсінуге септігін тигізеді. Баланың өмірге қадам басқандағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтанда оның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тану, еңбекке танысы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын түрінде қалыптасады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс - әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай - ақ заман ағымына да белсене қатысады.

Балабақшаларда оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.
Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеті. Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттілікке, шапшаңдыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйрететін де ойын. Бала үшін ойын өзін - өзі жетілдіру мен өзін - өзі көрсетудің құралы. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу іс - әрекетін ойын түрінде күрделендіре түсу керек. Ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, оның қиялын дамытады. Бала жалғыз ойнағанды ұнатпайды, ол қатар құрбыларымен бірлесіп ойнай отырып бір - бірімен қарым қатынас жасайды.
Оқу ісі - әрекетінде қолданатын ойын түрлері мынадай топтарға бөлінеді.
Ойынның түрлері:
• Ұлттық ойындар
• Сюжетті рольді ойындар
• Педагогикалық ойындар
• Дидактикалық ойын
• Шығармашылық ойын
• Қимылды ойындар

Педагогикалық ойын технологиясы дегеніміз - педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы.
Дидактикалық ойындар арқылы оқу іс - әрекеті барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында да, оқу іс - әрекеті ойын түрінде өткізіледі. Оқу іс - әрекеті барысында ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады.
Тәрбиеші ойынға тек қана баланы қызықтырып қоймай, бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады.

# ЖАБАЙЫ ЖӘНЕ ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ

*СҮЛЕЙМЕНОВА АҚБОТА ТОБЖАРҒАНҚЫЗЫ*
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақай ауылдық округі КММ
№17 «Алақай» санаториялық ясли-бақшасының тәрбиешісі

**Білім беру саласы:** Әлеуметтік орта.
**Бөлімі:** Қоршаған ортамен таныстыру.
**Тақырыбы:** Жабайы және үй жануарлары.
**Мақсаты:** 1.Үй және жабайы жануарларды ажыратып,төлдерінің атауын атай білу білімдерін бекіту.
2. Табиғатқа, ондағы тіршілікке қамқор болуға тәрбиелеу.
3. Танымдық, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорларын арттыру.
***Қолданылатын көрнекіліктер:*** «Жабайы жануарлар», «Үй жануарлары», доп, жабайы және үй жануарлары бар таратпа материал , үйдің ауласы және орман бейнеленген макеттер.
***Әдістері:***Таныстыру, салыстыру, сипаттау, түсіндіру, сергіту, дидактикалық ойын, сұрақ-жауаптар.
**Сөздік жұмыс:** жабайы, үй жануарлары.
***Билингвальды компонент:*** жабайы-дикий, үй жануарлары-домашние животные, тамақ-пища, орман-лес.
**«Ыстық-суық» дидактикалық ойыны:**
Шарты: Бір зат алдын ала тығылып қойылады. Тығылған затты балалар «ыстық-суық» сөздері арқылы тауып алулары керек.
Балалар үй жануары мен жабайы жануардын ойыншығын тауып алады.
-Балалар, адамдардың көмегімен өмір сүретін жануарларды қалай атаймыз?
-Ал, орманда өз беттерімен тамақ тауып, өздерін қорғайтын жануарларды қалай атаймыз?
-Бүгінгі оқу іс-әрекетімізде жабайы және үй жануарлары туралы айтатын боламыз. Сендер үш орталыққа бөлініп отыра қалыңдар.
-Жабайы жануарлардың үй жануарларынан айырмашылығы неде?
-Қалай ойлайсыңдар үй жануарлары адамдардың қамқорлықтарына, мейірімдеріне, махаббаттарына қалай жауап береді?
Қане, ойнайық.
Ойын: «Жануарларды ата»
-Жарайсыңдар балалар. Сендер жануарларды жақсы біледі екенсіңдер.
-Енді, жұмбақ жасырып ойнайық. Мен жұмбақты жасырам ал, сендер шешіңдер.
**Жұмбақтар.**
Қандай жануар қыста ұйқыға кетеді?
Аю, қасқыр, түлкі ме? (Аю)
Суреттен аюды көрсетіп, айтыңдаршы аю қандай? (маймақ, үлкен, күшті, қоңыр)
-Аюдың қалай жүретінін көрсетіңдерші?
-Аю не жейді? (бал, балық, жидек)
Ағаштан-ағашқа
Доп сияқты тез секіреді.
Жаңғақтарды жинап ап,
Қысқа азық етеді ол не? (Тиін)
**Тиіннің суретін көрсетемін.**
-Тиіннің үлпілдек құйрығына назар салыңдаршы. Ол тиіннің секіріп жүруіне көмектеседі. Қалай ойлайсыңдар тиін немен қоректенеді?
(жаңғақпен, шишкамен, саңырауқұлақпен)

Барлық аңдардан қу
Үстінде әдемі тоны бар.
Құйрығы өте әдемі,
Оның аты –түлкі.
**Түлкінің суретін көрсетемін.**
-Түлкіге құйрығы аңшылардан, иттерден іздерін сыпырып жасыру үшін керек. Ол өте қу.
-Балалар, сендер қу түлкі туралы қандай ертегілерді білесіңдер?
(Бауырсақ, қасқыр мен түлкі, Түлкі мен тырна).
Түлкінің терісіне назар аударыңдаршы. Адамдар түлкіден не алады?
Қыста ақ, жазда сұр

Ол не? (Қоян)
Сұр қоянның суретін көрсетемін. –Қандай қоян? (үлпілдек, сұр, кішкентай, қорқақ).
**Ақ қоянның суретін көрсетемін.**
-Қандай қоян? (кішкентай, қорқақ, үлпілдек, ақ)
-Қоянның ақ терісі оған қыста…. (жасырынуына көмектеседі)
-Қоян құсап секіріп көріңдерші?
-Қоян өзінің жауынан қалай тығылады?
-Қоян нені жақсы көреді? (сәбізді, қырыққабатты, ағаштың қабығын)
-Аю мен қоян нелерімен ұқсайды? (бас, аяқ, құйрығы, аузы, мұрны, құлағы)
-Айырмашылықтары не?
(Аю үлкен-ал, қоян кішкентай, аю балды, жидектерді, балықты жақсы көреді, ал қоян ағаштың қабығын, сәбізді, қырыққабатты жақсы көреді. Аю қыста ұйықтайды, ал қоян жоқ. Аю ағаштарға шыға алады, ал қоян шыға алмайды).
Өзі ойнағанды жақсы көреді,
Үйге келіп мяулап,
Сүт сұрайды. (Мысық)
-Балалар, айтыңдаршы мысық жабайы ма, жоқ үй жануары ма?
-Тағы қандай үй жануарларын білесіңдер?
-Алдарындағы өздеріңе ұнайтын үй жануарларын және олардың төлдерін алып шығайық.
Балалар тақтаға бір-бір жануарларды алып шығып, айтып береді.
-Бізге бүгін қонаққа жабайы және үй жануарлары келіпті. Сендер оларды таныдыңдар ма?
Ойын: «Жануарлардың төлдерін ата»
Шарты: Балалар жануарлардың төлдерін енелерінің қасына қоюлары керек. Оларды атап, үй немесе жабайы жануар екенін табулары керек.
**Сергіту сәті:**
Көлбең-көлбең, көлеңкем,
Аю қалай жүреді,
Кім көрсете біледі?
Аю былай жүреді, аю былай жүреді.
Көлбең-көлбең, көлеңкем,
Қоян қалай жүреді
Кім көрсете біледі?
Қоян былай жүреді, қоян былай жүреді.
Көлбең-көлбең, көлеңкем,
Қасқыр қалай жүреді,
Кім көрсете біледі?
Қасқыр былай жүреді, қасқыр былай жүреді.
Көлбең-көлбең, көлеңкем,
Түлкі қалай жүреді,
Кім көрсете біледі?
Түлкі былай жүреді, түлкі былай жүреді.
–Жабайы жануарлар қайда тұрады?
–Тағы да жануарлар қайда тұрады?
Балалардың шығармашылық жұмыстары.
1-орталық: «Ақ қоянның үстін мақтамен жауып шық»
2-орталық: «Қойдың үстіне қағазбен бұйра жүндер жапсыру »
3-орталық: «Қой мен қозы бояу»
-Жануарлар қайда тұрады? (орманда және адамдардың үйінің ауласында)
-Орманда тұратын жануарларды қалай атаймыз?
-Оларды атаңдар?
-Үй жануарларына қандай жануарлар жатады екен?
Осымен оқу іс-әрекетіміз аяқталды. Сендерге көп-көп рахмет! Барлықтарыңда өте тамаша қатыстыңдар.

# ЭВОЛЮЦИЯНЫҢ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРІ

*АЛДИБЕКОВА АЙЖАН ОРАЗБЕКОВНА*
Шымкент қаласы № 61жалпы орта білім беретін
мектеп биология пәннің мұғалімі

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы**:<br>10.3 Эволюциялық даму селекция негіздері | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып:** | **Қатысқандар:** | **Қатыспағандар:** |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Эволюцияның дәлелдемелері | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаты:** | 10.2.6.3 - эволюцияның дәлелдемелерін талдау | |
| **Сабақтың мақсаты** | Эволюцияның әр кезеңдерінің дәлелдемелеріне талдау жасайды. | |
| **Бағалау критерийі** | Салыстырмалы анатомиялық дәлелдемелерді талдайды.<br>Эмбриологиялық дәлелдемелерді талдайды<br>Палеонтологиялық дәлелдемелерді талдайды. | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Пәндік терминология:**<br>Палеонтология, эмбриология, салыстырмалы анатомиялық.<br>Атавизм, рудимент<br>**Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:**<br>Палеоценде тіршілік еткен . . , эоценде тіршілік еткен . . ,<br>миоценде тіршілік еткен . . , мицende тіршілік еткен . . ,<br>плиоценде тіршілік еткен . . . | |
| **Құндылықтарға баулу** | Оқушы бойына "Мәңгілік ел" идеясының алтыншы құндылығы аясында тарихи даму арқылы өркениетке бағытталу дағдысын қалыптастыру. | |
| **Пәнаралық байланыс** | Тарих-эволюция | |
| **Алдыңғы білім** | Эволюцияның қозғаушы күштері, ағзалардың беймделушілігіндегі табиғи сұрыпталулардың рөлі, түр түзілу үдерісі туралы түсінігі бар. | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақта жоспарланған іс-әрекет.** | **Ресурстар** |
| **Сабқтың басы** | **"Жылы лебіз"** әдісі арқылы жағымды ахуал қалыптастыру.<br>**"Геометриялық фигуралар "** арқылы топқа бөлу:<br>**Ширату тапсырмасы: "Болжау әдісі"**<br>Берілген сілтеме бойынша бейне жазбаны қарай отырып және суреттер топтамасын талдай отырып ортақ тақырып туралы өз болжамдарыңды ддәлелдеңдер. | А.Е Очкур.<br>Ж.Ж.Құрманғалиев.<br>М.А.Нутаева<br>10 сынып<br>http://smk.edu.kz/Attach/FileDownload/fa445d3b-e1f5-47e3-9cdf-bef1fc2b2e9d<br>https://twig-bilim.kz/kz/film/evolution-the-evidence |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | **1-тапсырма**<br>**Оқыту формасы:**Топтық жұмыс :<br>**Әдісі:"Фишбоун"**<br> Суреттерге назар аудара отырып эволюциялық дәлелдемелердің  әр кезеңдерінде жүретін ерекшеліктерді талдаңдар.<br>**Дескриптор**<br>*Салыстырмалы анатомиялық дәлелдемелерді талдайды.<br>*Эмбриологиялық дәлелдемелерді талдайды.<br>*Палентологиялық дәлелдемелерді талдайды<br>**Саралау**<br>**Қабілетті оқушыларға тапсырма**<br>Learning Apps онлайн сервисінде эволюцияның дәлелдемелеріне талдауға тапсырма құрауға беремін<br> **Қолдауды орташа қажет ететін оқушылар**<br>Тапсырманы орындау барысында оқушыға суреттері бар карточкалық сұрақтар ұсынылады.<br>**Қолдауды көп қажет ететін оқушы**<br>Тірек сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып тапсырманы орындауға бағыттаймын (жануарлардың құрылысы, даму кезеңдері)<br>**Қ/Б "Блок ортасында бағалау"**әдісі арқылы оқушыларда жалпыға ортақ түсінбеушілік тудырған  проблемаларды анықтайды.<br>**ІІ-тапсырма**<br>**Оқыту формасы:** Жұптық жұмыс<br>**Әдісі: "Ойлан,жұптас, бөліс"**<br>Организмдердің эволюциялық  дамуы барысында пайда болған мүшелер мен өзгеріске ұшыраған мүшелер туралы дәлелдемелер жинақтаңдар.<br><br>**Дескриптор**<br>*****Гомологиялық мүшелерді анықтайды.<br>*Аналогиялық мүшелерді анықтайды.<br>  Өзгеріске ұшыраған мүшелерді анықтайды.<br>**Қ/Б :  «Бағдаршам » әдісі**<br> **ІІІ-тамсырма**<br>Кейбір омыртқалылардың алдыңғы аяқтарының әр түрлі қызмет атқарғанымен құрылыстары ұқсас екенін дәлелде?<br>Әр алуан организмдердің ұрықтық даму сатысын зерттеумен байланысты қандай дәлелдемелер бар?<br>**Қ/Б «Егер 5 минутыңыз болса.......»** Балалардан 5 минут берілсе, жұмысты қалай жақсартатынын сұрау. Бұл мұғалімге оқушылардың берілген уақыт ішінде тиісті нәтижеге жетсе де, неге ұмтылатынын түсінуге көмектеседі | Презентация, терминдер, суреттер<br><br>http://blgy.ru/biology6/stem<br>Оқулықпен жұмыс<br><br> |
| Сабақтың соңы | **Рефлексия.**<br>• Мен енді білемін .....<br>• Маған ұнағаны .....<br>• Менің түсінбей қалғаным ....<br>• Мен жақсы түсіндім .....<br>Менің келесі сабақта білгім келетіні .... | |

| **Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Құндылықтарға баулу. Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы.** |
|---|---|---|
| • Тапсырманы: білім деңгейі әрқалай оқушыларға дайындалған жұмыстар ұсыну.<br>• Дереккөздерді: Кей оқушылар басқа оқушылармен салыстырғанда дереккөздер арқылы жақсы жұмыс жасай біледі.<br>• Диалог және қолдау көрсету: Бұл әдіс кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында түркі сұрақтар қоя отырып қолдап мадақтама сөздермен алға жетеленеді.<br>• Бағалау: біз пәнді оқытуда оқушыны, оқытуға қарай түзетуді қажет ететін тұстарын анықтап әрі қарай жылжи аламыз.<br>• Жіктеу: топтық бөліну кезінде әр оқушының қабілеті ескеріледі<br>• Қарқан:оқушылардың тапсырма орындау қарқынын сараладым. | • "Блок ортасында бағалау" бағалау оқушылардың қаншалықты материалды меңгергендігін анықтай отырып, топтық бағалау жүргізіледі.<br><br>• "Бағдаршам"-берілген тапсырманы сын тұрғысынан ойлай отырып нақты жазған оқушыны анықтау және барлық оқушыларды сол деңгейге жеткіземін<br><br>**«Егер 5 минутыңыз болса.......»** Балалардан 5 минут берілсе, жұмысты қалай жақсартатынын сұрау. Бұл мұғалімге оқушылардың берілген уақыт ішінде тиісті нәтижеге жетсе де, неге ұмтылатынын түсінуге көмектеседі | Оқуды жақсарту үшін ақпаратты технологияларды сабақта тапсырма беруге әр түрлі слайд қолданылады. Тарих эволюция қозғалысын анықтауда тарих пәндерінің сөздерімен байланыстырамыз. Оқушылардың топтық талдау жұмыста өздерінің құндылықтарын сезінеді, бір-бірімен түсінушілікке баулимын. |

**Сабақ бойынша рефлекция:**
*Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?*
*Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме?*
*Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз?*
*Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?*
*Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба?*
*Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма, және неліктен?*

Жалпы баға

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?
1:
2:

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?
1:
2:

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

**МАЗМҰНЫ**

1. *ДОМАЕВА ГУЛЬЗИНА АБДИКАРИМОВНА*
2. *ПИРЖАНОВА КИМЁ ТАЛАУВНА*
3. *БЕГМАГАНБЕТОВА ЖАНАР МЕИРОВНА*
4. *АБДУЛЛАЕВА ГУЛБАХОР ДУРУМБАЕВНА*
5. *ЖАППАРОВА МОЛДИР БАЗАРБАЙҚЫЗЫ*
6. *ЮСУПОВА ЖАНАР ЕЛАБАЕВНА*
7. *АЙТУАРОВА АЙГУЛЬ ЖУМАТОВНА*
8. *ЕРЕХАНОВА ЗЕЙНЕШ ТУРЕХАНОВНА*
9. *АБДРАХМАНОВА ГУЛЬМИРА АСЕТОВНА*
10. *ШОХАНОВА АЙСАУЛЕ АБЗАЛОВНА*
11. *ЖУМАГЕЛЬДИНА ЖАНАР СОЦИАЛОВНА*
12. *БЕЙСЕНБАЕВА САЛТАНАТ СЕРИКХАНОВНА*
13. *БУХАРБАЕВА ДИНАРА АНАРБАЕВНА*
14. *АБЛАЙ ҚҰРМАНАЙ АБЛАЙҚЫЗЫ*
15. *ИСКАЛИЕВА ЖУМАГУЛ ТОЛЕУОВНА*
16. *САТАЕВА ДИНА КАДИРБЕРГЕНОВНА*
17. *ЖАНКУЛИЕВА НЕСИБЕЛИ ХАЙРУЛЛАЕВНА*
18. *ОСМОЛА ВАЛЕНТИНА ВЛАДИМИРОВНА*
19. *БОЛДЫРЕВА СВЕТЛАНА ВЛАДИМИРОВНА*
20. *ПОНОМАРЕВА ЗАМИНА САЛЕХОВНА*
21. *АБАЛАКИНА ИРИНА МАТВЕЕВНА*
22. *ЮСУПОВА ЖАНАРКУЛ НЫСАНБАЕВНА*
23. *ОМАРОВА АКНУР СМАЙЛОВНА*
24. *ДУЙСЕНБАЕВА АКМАРАЛ АБДУГАППАРОВНА*
25. *УСКЕНБАЕВА АЙГУЛ АБИБУЛЛАЕВНА*
26. *ИЛЬЯСОВА АҚКЕНЖЕ ДҮЙСЕНБЕКҚЫЗЫ*
27. *НЫСАНБАЕВА ФАРИДА АЛТЫБАЕВНА*
28. *МУХАНОВА АЙНУР АДИЛХАНОВНА*
29. *БЕКСҰЛТАНОВА ОҢЛАСЫН БЕРКИНБАЕВНА*
30. *АУЕЛБЕКОВА ЭЛЕНОРА КАЛДЫБЕКОВНА*
31. *ДУЙСЕНБАЕВА АКМАРАЛ АБДУГАППАРОВНА*
32. *САДЫКОВА РАЙХАН ТАНИРБЕРГЕНОВНА*
33. *МЫРЗАХАНОВА АЛИЯ ҚАЛБОЛАТҚЫЗЫ*
34. *ӨРЖАН НҰРБИБІ МҰРАТҚЫЗЫ*
35. *БАЙЖАНОВА ГҮЛЗАТ САҒЫНАЙҚЫЗЫ*
36. *ИБРАГИМОВА СЫРГҮЛ ҚАЛЖАНҚЫЗЫ*
37. *ӘУЕЗ НАЗИРА АМАНДОСҚЫЗЫ*
38. *СҮЛЕЙМЕНОВА АҚБОТА ТОБЖАРҒАНҚЫЗЫ*
39. *АЛДИБЕКОВА АЙЖАН ОРАЗБЕКОВНА*